

3

Өскемен
Премьер-Лига
тынысын
сезінді



6

Республикалық
айтыста
Шығыстың
ақыны топ
жарды



16+



DIDAR



«DIDAR» ГАЗЕТИ
**SHYGYS
AQPARAT**
ТАУАР МАРКАСЫМЕН ҰСЫНЫЛҒАН



Altainews
MEDIA CENTRE

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТИ

1931 жылдың 24 қазанынан шығады

№20(18580)

14 мамыр 2026 жыл

WWW.DIDARGAZETI.KZ

3

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»: ШЕШЕК АСУЫНДА ЖАҢА ЭКОСАЯБАҚ АШЫЛДЫ



8

Халқына
құрбан, атына
тұрман болған
азамат



13

Табиғат
пен туризм
тоғысқан
өңір



#ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

Өңірде егіс алқабы ұлғайды: биыл 630 мың гектар жер игеріледі

Ауыл шаруашылығы – ел экономикасының тірегі әрі азық-түлік қауіпсіздігінің басты кепілі. Сондықтан көктемгі егіс науқанын тиісті деңгейде әрі уақтылы өткізу – стратегиялық маңызы бар міндеттердің бірі. Осы мәселе Қазақстан Үкіметінің кезекті отырысында кеңінен қаралып, өңірлердегі көктемгі дала жұмыстарының барысы, шаруалардың дайындығы мен егіс науқанының қарқыны талқыланды.

Жиында облыстардағы көктемгі дала жұмыстарының қарқыны мен дайындық деңгейі талқыланып, егіс жұмыстарын сапалы ұйымдастыру мәселесіне айрықша назар аударылды. – Мемлекет басшысы Үкіметтің кеңейтілген отырысында аграрлық саланы дамыту мен азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңыздылығын айтты. Ол үшін көктемгі егіс жұмыстарын уақтылы әрі сапалы жүргізуді қамтамасыз етуіміз керек, – деді ҚР Премьер-министрі Олжас Бектенов.

Шығыс Қазақстан облысында көктемгі егіс жұмыстары жоспарға сай жалғасуда. Бұл туралы

Үкімет отырысында баяндама жасаған облыс әкімі Нұрымбет Сақтағанов мәлімдеді.

– Биыл көктемгі егіс жұмыстары 630 мың гектар алқапта жоспарланған. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 13 мың гектарға артық. Қазіргі таңда 113 мың гектар аумаққа егін егілді. Оның ішінде дәнді дақылдар – 56,3 мың, майлы дақылдар – 52,3 мың, жемшөп – 4,2 мың гектарды құрайды, – деді облыс әкімі.

Аймақта егіс науқанын өткізу үшін 15 мың тонна арзандатылған дизель отыны бөлінген. Сондай-ақ, шаруашылықтар 72 мың тонна сапалы тұқыммен

толық қамтамасыз етілген

– Егінге 70 мың тоннадан астам минералды тыңайтқыш енгізу жоспарланып отыр. Оның ішінде отандық өндірушілермен 51 мың тонна жеткізуге шарттар жасалды. Жеңілдетілген кредиттеу бағдарламалары бойынша көктемгі дала жұмыстарын жүргізуге 20 млрд теңгеге жуық қаржы берілді, – деді Нұрымбет Сақтағанов.

Өңірде агроөнеркәсіптік кешенге тартылған инвестиция көлемі де өсіп келеді. Жыл басынан бері салаға 6 млрд теңгеден астам инвестиция салынған. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда екі есе жоғары көрсеткіш. Қазіргі уақытта облыста жалпы құны 27 млрд теңгені құрайтын алты ірі инвестициялық жоба жүзеге асырылып жатыр.

Айта кетейік, биыл республика бойынша егіс алқабының көлемі 23,8 млн гектарға жетіп, өткен жылмен салыстырғанда



180 мың гектарға ұлғайған.

Отырыс соңында ҚР Премьер-министрі Олжас Бектенов жауапты министрліктер мен өңір басшыларына тиісті тапсырмалар берді.

– Басты міндет егіс науқанын сапалы жүргізу. Үкімет тарапынан барлық қажетті жағдай жасалды. Қаражат бөлінді, фермерлерді техникамен және ресурстармен қамту шаралары қабылданды. Агротехнологиялық талаптар белгіленген нормаларға сәйкес мүлтіксіз орындалуға тиіс. Биыл 2,3 млн тонна тыңайтқыш себу және элита-

лық тұқымдардың үлесін 11,7 пайызға дейін жеткізу бекітілді. Аталған көрсеткіштерге толық көлемде қол жеткізу керек. Сонымен қатар, өсімдіктерді қорғау шараларын уақтылы жүргізіп, егіс алқаптарын әртараптандыру жұмысын жалғастыру маңызды. Жеңілдетілген отынның жеткізілуін және оны мақсатты пайдаланылуын тұрақты бақылауда ұстау қажет. Ауа райы жағдайларына мониторинг жүргізуді ерекше назарға алған жөн, – деді Олжас Бектенов.

#«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»

Үкімет өңірлердегі экологиялық жұмыстың тиімділігін саралады

☑ Артём ЖИГУЛИН

Үкіметте «Таза Қазақстан» бастамасын жүзеге асыру барысына мониторинг жүргізу жөніндегі орталықтың кезекті отырысы өтті. Өңірлерде тиісті Тұжырымдаманы жүзеге асыру барысы, волонтерлік қозғалысты қолдау шаралары, сондай-ақ экологиялық туризмді дамыту бағытында атқарылып жатқан жұмыстар талқыға салынып, салмағы сараланды.

Кеңес отырысында еліміздің барлық өңірінде қолға алынған экологиялық бастамалардың нақты нәтижелері талданып, қордаланған мәселелер ашық көтерілді. Тазалық жұмыстарын науқандық деңгейден жүйелі іске көшіру, экологиялық мәдениетті қоғамның күнделікті дағдысына айналдыру және табиғатты қорғау шараларының тиімділігін арттыру басты міндет ретінде белгіленді. Сондай-ақ, қоршаған ортаға жауапкершілікті күшейтіп, әр азаматтың экологияға деген көзқарасын өзгерту қажеттігіне айрықша назар аударылды.

– Баршаңызға мәлім, «Таза Қазақстан» ұғымы жаңа Конституцияның негізгі қағидаттарының біріне айналды. Атап айтқанда, қоршаған ортаны қорғау, халықтың экологиялық мәдениетін қалыптастыру және табиғатқа деген қамқорлық құндылықтары басым міндеттер ретінде айқындалып отыр. Бұған дейін бекітілген «Таза Қазақстан» тұжырымдамасында экологиялық саясатты жүзеге асырудың негізгі буыны ретінде жергілікті атқарушы органдарға маңызды рөл жүктелген, – деп атап өтті Олжас Бектенов.

Айта кетейік, мемлекет басшысының бастамасы бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясында 2026 жыл Халықаралық волонтерлер жылы деп жарияланды. Жаңа Конституцияда волонтерлер қозғалысын азаматтық қоғамның маңызды құрамдас бөлігі ретінде тани отырып, мемлекетке еріктілерді қолдау міндеті жүктелді.

– Бүгінде волонтерлік қозғалыс экологиялық мәселелерді шешу мен табиғи байлықты сақтауда мыңдаған нағыз жа-

нашыр азаматтарды біріктіре отырып, «Таза Қазақстан» бастамасының басты күшіне айналды. Бұл жан-жақты мемлекеттік қолдауға мұқтаж волонтерлік қозғалыстың жоғары әлеуеті мен тиімділігін көрсетеді, – деп атап өтті Премьер-министр Олжас Бектенов.

Бүгінде Қазақстанда 810 ұйым мен 3,5 мың бастамашыл топ жұмыс істейді, белсенді еріктілер саны 300 мың адамға жетті. Экологиялық волонтерлік «Таза Қазақстан» шеңберінде жыл сайын шамамен 800 мың волонтердің басын қосады. Жиында қозғалысты одан әрі дамыту үшін 56 жоба мен 60 шағын грант жүзеге асырылып жатқаны атап өтілді. Тиісті тұжырымдаманы қалыптастыру, волонтердің цифрлық паспортын енгізу, сондай-ақ волонтерлерді ынталандыру және әлеуметтік қорғаудың қосымша шараларын қоса алғанда, жаңа тәсілдер пысықталуда.

Жиында экологиялық туризмді дамыту шараларына да ерекше назар аударылды. Қазақстанда ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жалпы ауданы 30,9 млн гектарды құрайды. Мемлекеттік ұлттық табиғи парктер аумағында 179 туристік маршрут және 42 соқпақ жол бар. Келушілер саны 2023 жылғы 2,4 млн-нан 2025 жылы 3,7 млн-ға дейін өсті.

Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев қазіргі таңда ұлттық парктерде жалпы инвестиция көлемі 16 млрд теңгеге дейінгі экотуризмді дамыту жобалары жүзеге асырылып жатқанын баяндады. Жұмыстар Іле-Алатау паркінде, сондай-ақ «Алтын-Емел» мен «Шарын» парктерінің аумақтарында жүргізілуде. «Таза туризм» бағдарламасы аясында саябақтарда ақпараттық баннерлер, қоқыстарды бөлек жинауға арналған контейнерлер, қайта өңделген пластиктен жасалған эколавакалар орналастырылады, келушілер биологиялық ыдырайтын пакеттермен қамтамасыз етіледі.

Ұлттық саябақтарға бару процесін цифрландыру бойынша қосымша жұмыстар жүргізілуде. Ұлттық парктердің барлығы банктік сервистер арқылы онлайн төлем жүйесіне қосылған, сондай-ақ парктердің сайттарында төлем жасауға арналған QR-кодтар орналастырылған.



Бүгінде 5 ұлттық саябақта өз қаражаты есебінен 9 бақылау-өткізу пункті автоматтандырылды. Бұл туристер үшін саябаққа баруды анағұрлым ыңғайлы етеді, ал ұлттық парктерге келушілер мен түсімдерді есепке алудың ашықтығын арттырады.

Премьер-министр экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен инфрақұрылымды жаңғыртуды қамтитын экотуризмді жүйелі түрде дамыту қажеттігіне назар аударды. Қазіргі таңда экотуризм әлемдік туристік индустрияның ең қарқынды дамып келе жатқан бағыттарының бірі болып саналады.

Сарапшылардың бағалауы бойынша, 2034-ші жылға қарай әлемдік экологиялық туризм нарығы \$660 млрд-тан асуы мүмкін. Қазақстан экотуризмді дамыту бойынша жоғары әлеуетке ие, бірегей табиғи нысандар – Шарын шатқалы, Көлсай көлдері, Алтын-Емел, Іле-Алатауы ұлттық парктері және басқа да керемет көрікті жерлер бар.

Экология және табиғи ресурстар министрлігіне аумақтардың ластануына жол бермеу шараларын күшейтіп, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда қалдықтарды тиімді басқаруды ұйымдастыру тапсырылды. Сондай-ақ, қорғалатын табиғи аумақтардағы туристік қызметтен түсетін кірістерді туристік инфрақұрылымды дамытуға, соның ішінде экологиялық соқпақ жолдарды, демалу орындарын және өзге де нысандарды абаттандыруға бағыттау міндеті қойылды.

Премьер-министр ұлттық табиғи

парктер аумағында қажетті инфрақұрылымды дамыту жұмыстарының баяу қарқынын да сынға алды.

– Экология министрі Іле-Алатау, Алтын-Емел және Шарын ұлттық парктерін абаттандыру бойынша есеп бергенімен, бұл жұмыстар бірнеше жыл бұрын жүргізілген. Содан бері айтарлықтай нәтижелер байқалмайды. Нұрлыбек Мәшбекұлына Министрлікпен және өңір әкімдерімен бірлесіп, табиғи парктерді абаттандыру ісіне ірі бизнесті тарту мәселесі бойынша келіссөздер өткізуді тапсырамын. Бірыңғай дизайн-кодты және тиісті жұмыс кестелерін бекіту қажет. Осы жылдың маусым айында өтетін Орталықтың келесі отырысында есеп беріңіздер, – деп тапсырды Олжас Бектенов.

Жиын қорытындысы бойынша Шығыс Қазақстан облысының әкімі салалық басқармалар мен жауапты тұлғаларға бірқатар тапсырма берді.

– Өскемен қаласында, Катонқарағай және Зайсан әуежайларының маңында визит орталықтар ашылады. Бұдан бөлек, бір апта ішінде нақты туристік соқпақтар саны қанша болатынын, тағы да жаңа туристік бағыттар бойынша жоспар енгізу керек. Қай жерлерге қосымша көпірлер орнатылады және жалпы жол қауіпсіздігін нығайту шаралары бойынша міндеттер жоспарын ұсынуды тапсырамын, – деді облыс әкімі Нұрымбет Сақтағанов.

**Бетті әзірлеген –
Айдос МЫРЗАХМЕТОВ**

#ПРЕМЬЕР-ЛИГА

«Алтай Өскемен» футбол клубына жеті мыңнан астам жанкүйер қолдау көрсетті

✍ Дәурен АЛЛАБЕРГЕНҰЛЫ
📷 Махаббат АХМЕТЖАНОВА

Қазақстан Премьер-лигасы аясындағы «Алтай Өскемен» футбол клубының өз алаңындағы ойыны өскемендіктер мен қала қонақтары үшін нағыз мерекеге айналды. «Үйде» алғаш рет ойнаған өскемендік командаға бұл кездесуде жеті мыңнан астам көрермен үш сағат көлемінде тапжылмай қолдау көрсетті.

Еске салайық, Өскеменде Премьер-лига ойыны соңғы рет осыдан 13 жыл бұрын өткен болатын. Сондықтан бұл кездесу қала футболы үшін тарихи сәт саналды. Стадионның бас трибунасында мыңдаған жанкүйермен бірге облыс әкімі Нұрымбет Сақтағанов та матчты тамашалады.

Клуб өкілдерінің айтуынша, команда үшін бұл ойынның маңызы ерекше.

– Енді он үш жылдан кейін өз стадионымызда қайтадан Премьер-лига матчын қабылдап отырмыз. Бұл – біз үшін зор қуаныш. Бүгін жанкүйерлер керемет атмосфера сыйлап жатыр. Сағат үштен бастап келе бастады, ал ойын басталар сәтте 7500 орындық стадион лық толды. Көрермендердің осындай үлкен қолдауын алғаш рет сезініп жатырмыз, – деді клубтың медиаофицері Айдана Алтайбекқызы.

Матчтың басынан бастап, ойын аяқталғанша стадионда мерекелік көңіл-күй үзілмеді. Жанкүйерлер үшін арнайы шоу-бағдарламалар, ұтыс ойындары мен түрлі белсенділіктер ұйымдастырылды. Көрермендердің белсенділігі де ерекше байқалды.

– Бұл – Өскемен үшін айтулы күн. Премьер-лигадағы алғашқы «үйдегі» ойынға халық ерекше дайындықпен келді. Қазірдің өзінде стадиондағы атмосфера тамаша. Біз жанкүйерлерге жақсы



эмоция сыйлау үшін барынша дайындалдық, – дейді Айдана Алтайбекқызы.

Ойын басталысымен жергілікті жанкүйерлер қолдауын айқын сезінген алтайлықтар қарсыластар қақпасына жиі шабуылдар ұйымдастырды. Мұндай сәттер кездесу барысында бірнеше мәрте қайталанды.

«Алтай Өскемен» клубына өскемендіктер мен қатар облыстың қалалары мен аудандарынан да жанкүйерлер арнайы келіп қолдау білдірді.

– Біз бүгін өз командамызға келіп, қолдау білдіріп отырмыз. Негізінен тұрақты қолдау көрсетіп келеміз. Арнайы фанклуб та бар. «Алтай» алда да чемпионат кестесінің жоғарғы орындарынан көрінеріне бек сенімдіміз, – деді жанкүйерлердің бірі Айзат Ахметова.

Алғашқы таймнан кейінгі үзіліс барысында Қазақстан эстрадасының танымал жұлдызы, бүгінгі кештің басты хедлайнері – TURAR алаңға шығып, жастар арасына кеңінен танымал әндерін шырқап, қала тұрғындарын спорт

мерекесімен құттықтады.

Алайда, 90 минут бойы қос команда да қанша тырысып баққанымен, ойынның негізгі уақытында да, қосымша белгіленген бес минутта да есеп ашылмады.

Сонымен екі сағатқа созылған матчта «Алтай Өскемен» жеңіске жетуге қанша күш салғанымен, «Ордабасы» командасының қақпасына гол соғылмады. Дегенмен, тартысты ойын барысында команда өз қақпасына да ешқандай гол жібермей, турнир кестесіндегі жағдайын тұрақты ұстап қала алды.

Кездесу аяқталған соң жанкүйерлермен бірге алаң ортасына келген аймақ басшысы Нұрымбет Сақтағанов екі ұжым да жанкүйерлер үшін тартысты ойын өрнегін көрсеткенін, қала тұрғындары үшін әдемі футбол мерекесі болғанын атады. Сонымен бірге, бүгінгі футбол кешіне арнайы келіп, өнер көрсеткен TURAR әншіге алғыс білдірді.

Футбол матчынан кейінгі баспасөз мәслихатында «Алтай Өскемен» футбол клубының бас бапкері Вахид Масудов

Қазақстан футболы көшбасшыларының бірімен кездескендерін әрі бұл команда бір жыл бұрын чемпион атанғанын, сондықтан, бұл ойын жерлес команда үшін аса оңай болмағанын жасырмады.

– Жалпы, біз қолдан келгеннің бәрін жасап, әсіресе, алғашқы минуттарда күшіміз тың кезде жоғары нәтижеге қол жеткізуге тырыстық. Сол сәтте қарсы шабуылдарымыз да жақсы ұйымдастырылды. Тіпті, бірнеше мүмкіндікті голға айналдырып, матч тағдырын шешуге де болатын еді. Бірақ, өкінішке қарай, шешуші сәтте соңғы нүктені қою жағы жетіспеді, – деді бас бапкер.

Дейтұрғанмен, ол жалпы алғанда мұндай матчтар чемпионатты көркейтп, көрермен үшін қызықты ететінін айта келе, команда турнир кестесіндегі жағдайын сақтап қалғанын жеткізді.

– Біз барлық аймақтарды жауып, ойын тәртібін сақтауға тырыстық. Алайда, бізге ішкі ротация жетіспейтіні білінді, яғни ойыншыларды алмастырып отыру мүмкіндігі аз. Көптеген клубтардың құрамында он шақты легионер бар, ал бізде ондай мүмкіндік жоқ. Соған қарамастан, ойыншыларыма рахмет айтамын. Ойынды соңына дейін тамашалап, қолдау білдірген облыс әкіміне үлкен ризашылығымды білдіргім келеді. Сондай-ақ жанкүйерлерімізге рахмет. Көрермендердің осылай жиналып, командаға қолдау көрсетуі біз үшін үлкен мотивация, – деді Вахид Масудов.

Сонымен қатар бапкер алдағы жоспарларымен де бөлісті.

– Біздің жоспар біреу – Премьер-лигада тұрақтап қалу. Сол мақсат үшін бар күшімізді саламыз. Өкінішке қарай, алғашқы он ойында (оның екеуі Кубокта, сегізі чемпионатта) үнемі сырт алаңда ойнауға тура келді. Бұл біздің жігіттерге үлкен салмақ түсірді. Бізге барлық жақтан қысым болды. Бірақ біз берілмейміз, өз жолымызбен алға жылжи береміз, – деді бас бапкер.

#ЖОБА

Өңірде облыс картасы бейнесіндегі бірегей экопарк ашылды

✍ Айдос МЫРЗАХМЕТОВ
📷 Жібек НҰРАХМЕТ

Өскемен қаласында «Таза Қазақстан» экологиялық саябағының салтанатты ашылуы өтті. Табиғатты қорғау мәдениетін насихаттауға бағытталған жоба Алтайдың төріндегі Шешек асуында орналасқан.

Саябақтың бірегейлігі – оның терең мағынадағы тұжырымдамасында. Демалыс аймағы тұтас Шығыс Қазақстан облысының картасы пішінінде жобаланып, өңірдің бірлігі мен табиғатқа деген жанашыр көзқарасын бейнелейді. Мұнда өңірдегі 13 қала мен ауданға арнайы орын бөлініп, әр өлке өкілдері өз көшеттерін отырғызды. Енді бұл жасыл желектер уақыт өте тамырын тереңге жайып, әр ауданның туған жер табиғатын қорғауға қосқан үлесінің символына айналмақ.

Игі бастамаға облыс әкімі Нұрымбет Сақтағанов қатысып, экологиялық мәдениетті қалыптастыру мен жасыл аймақтарды көбейтудің маңызын ерекше атап өтті.

– Облысымызда бұдан басқа үш экопарк дайындалу үстінде. Әр аудан, басқармалар мен кәсіпорындар бюджеттен тыс қаражатқа тиісті көшеттерді әкеліп, отырғызып өз үлесін қосуда. Байқаған-

дарыңыздай саябақ аумағы Шығыс Қазақстан облысының картасын қайталайды. Мұнда 6 мыңнан аса көшет әр ауданға тиесілі орынға отырғызылады. Бүгін мыңнан аса көшет отырғызамыз. Алдағы сенбіліктерде аудандар бұл жұмыстарды жалғастырады. Бұдан бөлек, жергілікті бизнесмендердің көмегімен тамшылату жүйесі орнатылатын болады. Қала тұрғындарына бұл керемет сый болып отыр. Демалыс күндері серуендеп келген адамдар өз шыққан жерінің көшетін тауып, мақтанш сезіміне бөленетін болады. Жалпы бұл акция тек қоршаған ортаны емес, адамдардың өз бойын, ниетін, пейілін тазалауды, бірлікке шақыруды көздейді. Бірлік болмай, береке болмас. Осыны жадымызда ұстауымыз керек, – деді Нұрымбет Сақтағанов.

«Таза Қазақстан» аясында өңірде елді мекендерді абаттандыру, көшелерді тазарту және көгалдандыру жұмыстары жалғасуда. Соңғы жылдары облыстың қала-аудандарында қоғамдық орындарды жаңарту, ағаш отырғызу және экологиялық акцияларды ұйымдастыруға басымдық берілуде. Алтай ауданы әкімі Ренат Тілеуханұлы да өңірде жүргізіліп жатқан қарқынды жұмыстардың қорытындылары, жоспарлары туралы баяндады.

– 85 жобаға бір миллиард теңгеден астам қаражат қарастырылған. Ауданда абаттандыру, көшет отырғызу, екі ауылды жарықтандыру және «Таза Қазақстан»



акциясы аясында Бұқтырма жағалауында жаңадан арбат салу жұмыстары қолға алынатын болады. Бұдан бөлек, былтыр отырғызылған көшеттердің жай-күйін бақыладық, 90 пайызы аман-есен өніп, өсіп келеді. Биыл аудан бойынша 9500 түп ағаш отырғызу бойынша 20 моно-қалалардың ішінде Алтай қаласы үздік үштікке кірді, – дейді Алтай ауданы әкімі Ренат Құрмамбаев.

Тарбағатай ауданынан келген жастар мен белсенді тұрғындар да экологиялық бастамаға қолдау білдіріп, саябақ аумағын көгалдандыру жұмыстарына атса-

лысты. Аудан өкілдерінің айтуынша, өңірде соңғы жылдары ағаш отырғызу мен қоршаған ортаны қорғауға бағытталған шаралар жүйелі түрде өткізіліп келеді.

– Президентіміздің «Таза Қазақстан» бастамасы Тарбағатай ауданында ерекше қарқынмен жүріп жатыр. Биыл ғана 7500 түп көшет егілді. Алда отырғызылатын ағаштар санын 9 мыңға жеткізу жоспарда бар. Бүгінгі акцияға 100-ден артық ағаш әкеліп отырғыздық, – дейді аудандық Жастар орталығының директоры Тасқын Мажитов.

Экологиялық саябақ алдағы уақытта тұрғындардың демалыс орнына ғана емес, табиғатты аялау мәдениетін қалыптастыратын маңызды қоғамдық кеңістікке айналуы тиіс.

#ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНДАҒЫ ЖЕҢІСКЕ – 81 ЖЫЛ

Ерлік рухы ұлықталып, майдангерлерге құрмет көрсетілді

Дәурен АЛЛАБЕРГЕНҰЛЫ
Махаббат АХМЕТЖАНОВА

9 мамыр – Жеңіс күнінде Өскеменнің Ерлігі пен Ұлбі өзендері тоғысқан тұсындағы «Даңқ» мемориалында Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 81 жылдығына арналған салтанатты митинг ұйымдастырылып, шығысқазақстандық майдангерлерді еске алу рәсімі өтті. Ерлік пен елдікке тағзым жасалған тағылымды шараға ардагерлердің ұрпақтары, тыл еңбеккерлері мен өңір халқы жиналды.

Таң шапағы серпіліп, күн сәулесі айналаға молынан төгілген сәтте мемориал алаңын мұңлы әуен тербеп, әйгілі «День Победы» әнінің әуезі әуеледі. Алаңға жиналған өскемендіктер мен қала қонақтары Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің тарихи маңызын тебіреніспен еске алып, майдан даласында қаза тапқан боздақтардың рухына тағзым жасады. Отан үшін жанын қиған жерлес батырлардың ерлігі туралы үздіксіз естеліктер айтылды. Себебі, бейбіт өмірдің бағасын ұғындырған батырлар есімі ешқашан ұмытылмақ емес.

Мерекелік бағдарлама аясында жас ақындар мен өнерпаздар патриоттық өлеңдер оқып, көркем композициялар ұсынды.

Салтанатты митингте сөз сөйлеген облыс әкімі Нұрымбет Сақтағанов жанқияр ерлік пен өр рухтың Ұлы Жеңісімен өрілген тарих – Отан үшін от кешкен батырлардың қайсарлығымен мәңгілікке жазылғанын атап өтті.

– Халқымыз ежелден «Ел үмітін ер ақтар, ел атағын ел сақтар» деп, Отанын қорғаған азаматтарын ерекше құрметтеген. Ұлы Жеңіспен өрілген тарихымыз – Отан үшін от кешкен батырларымыздың ерлігімен мәңгілікке жазылды. Сол себепті елдік жолында күрескен жауынгерлер мен тыл еңбеккерлері әрқашан ұлықтауға лайық. Ардагерлердің ерлігі – кейінгі ұрпаққа мәңгі үлгі. Жас ұрпақ ата-бабаларымыздың қаһармандығы мен қайсарлығын әрдайым есте сақтап, соларға қарап бой түзейді. Біз есімдері тарих бетінде алтын әріппен жазылған аға буын алдында өлшеусіз қарыздармыз. Ешкім де, ешқашан да ұмытылмайды. Ерлік даңқы ешқашан өшпейді. Ұлы Жеңіс мерекесінде біз Отан соғысының от-жалынында қаза тапқан боздақтардың рухына тағзым етіп, бас иеміз! – деді аймақ басшысы.

Өкінішке орай, жыл сайын есімдері ел тарихында алтын әріппен жазылған ардагерлердің қатары сиреп келеді. Бүгінде Шығыс Қазақстанда Жеңіс мерекесін Ұлы Отан соғысының 6 ардагері және үш мыңнан астам тыл еңбеккері қарсы алып отыр. Оларға мемлекет тарапынан жан-жақты қолдау көрсетіліп келеді.

– Бұл – біздің парызымыз әрі қасиетті міндетіміз. Құрметті ардагерлер! Сіздер – батылдың, төзімділіктің, отансүйгіштіктің жарқын үлгісіздер. Сіздер – біздің мақтанышымыз, елдің тірі тарихысыздар. Сіздерге бас иіп, шексіз алғыс айтамыз! Баршаңызға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасы амандығын, жақындарыңыздың қамқорлығы мен ыстық ықыласын тілеймін. Бұл күн – бейбітшіліктің қадірін ұғындыратын, татулық пен бірліктің маңызын еске салатын мереке. Елімізде әрдайым тыныштық орнап, аспанымыз ашық болсын! Ұлы Жеңіс күні құтты болсын! – деді облыс әкімі Нұрымбет Сақтағанов.

Шараның ең әсерлі сәттерінің бірі – бір минут үнсіздік жарияланған мезет

болды. Мемориал алаңында метроном үні жаңғырып, жиналған жұрт майданнан оралмаған шығысқазақстандық жауынгерлерді көздеріне жас ала отырып, үнсіз еске алды.

Келесі ретте оркестрдің сүйемелдеуімен Даңқ мемориалындағы мәңгілік алауға гүл шоқтарын қою рәсімі өтті.

Алдымен аймақ басшысы Нұрымбет Сақтағанов және облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Айтқазы Шерубаев бастаған майдангерлер мен тыл еңбеккерлері, Өскемен қаласының әкімі Алмат Ақышов, Өскемен қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Олег Фролов, Парламент Сенатының депутаты Ольга Булавкина, Өскемен қалалық мәслихатының төрағасы Александр Светаш құрметпен гүл шоқтарын мәңгілік алау басына қойды.

Салтанатты рәсімге Өскемен гарнизонының әскери құрылым өкілдері де қатысып, әскери борыш пен отансүйгіштік рухын паш етті. Сонымен бірге, құқық қорғау және қадағалау органдарының басшылары мен қызметкерлері де қатысты.

Жеңіс рухына тағзым ету рәсімінде Ауған соғысы ардагерлері мен мүгедектерінің облыстық одағы, Чернобыль ардагерлері одағы, Тәжік-Ауған шекарасы ардагерлері ұйымы және Таулы Қарабақ ардагерлері мен мүгедектері қоғамдық бірлестігі гүл шоқтарын қойып, қаза болған жауынгерлерді еске алды.

Даңқ мемориалындағы бұл тағзым шарасы – Ұлы Жеңістің тарихи маңызын жас ұрпақ санасына мықтап сіңіріп, ел қорғаған ерлердің есімін ұлықтауға бағытталған маңызды рухани мереке.

– Әкем – Ауқатай Түйебаев 1941 жылы соғысқа аттанып, 1944 жылы елге оралды. Құрск доғасы шайқасына қатысқан. Соғыста екі көзінен айырылды. Ол кісілер бастан кешкен қиындықтарын біз, ұрпағымыз көрмесін. Қазақстанымызға тыныштық, халқымызға амандық берсін! Соғысқа қатысқан барлық ардагерлерді құттықтаймын. Дендері сау болсын, аман-есен ұрпақтарының ортасында жүрсін. Жеңіс күні құтты болсын! – деді Күршім ауданының тумасы Бәтиса Ауқатайқызы.

ӨСКЕМЕН АСПАНЫН СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНЫҢ ӘНДЕРІ ТЕРБЕДІ

Облыс орталығында бұл күні Жеңіс мерекесіне арналған мәдени-танымдық шаралар үздіксіз жалғасты. «Даңқ» мемориалы алаңындағы үлкен сахнада 1941-1945 жылдарды қамтыған Ұлы Отан соғысындағы Жеңісті мерекелеуге арналған мерекелік концерт пен театрландырылған қойылымдар жұртшылық назарына ұсынылды.

Мерекелік концерттік бағдарламаны Өскемен тұрғындарымен бірге аймақ басшысы Нұрымбет Сақтағанов та тамашалады. Сахнада облысқа белгілі өнерпаздар, шығармашылық ұжымдар, театр әртістері және вокалдық топтар қатысып, көрерменге мазмұнды әрі әсерлі концерт ұсынды.

Мереке бағдарламасы сахнада дәстүрлі түрде гүл шоқтарын қою рәсімінен басталып, соғыста ерлік көрсеткен батырлардың рухына тағзым жасалды. Одан кейін сахна шымалдығы ашылып, пролог ретінде «Инкар» және «Жастар» топтарының орындауындағы «Соғыстан соңғы көктем» композициясы көрермен көңілін бірден баурап алды.

– Біз майдангерлерді әрқашан мақтаныш етеміз. Сондықтан да бүгін арна-



ӨСКЕМЕНДІКТЕР БЕЙБІТ КҮНДЕР ҚҰРМЕТІНЕ РЕКОРД ОРНАТТЫ

9 мамыр күні мемориал басындағы мәңгілік алауға гүл шоқтарын қойып, тағзым жасадық. Жыл сайын келуді дәстүрге айналдырдық. Өзім де мектебімізде «Жас сарбаз» ұйымының жұмыстарына белсене қатысып, патриоттық шараларды насихаттап келемін. Барлық Өскемен халқын Жеңіс мерекесімен құттықтаймын, – деді Өскемендегі №49 мектептің «Жас сарбаз» 7«А» сыныбының оқушысы Ақерке Айдынкызы.

Концерт барысында театрландырылған қойылымдар ерекше орын алды. «Когда мы вернемся домой», «Нас все меньше», «Этот вальс», «Анаға хат», «Любовь на войне», «Жеңіске жету», «Воспоминания», «Финал» секілді қойылымдар арқылы соғыс жылдарындағы ауыр кезең, ананың сағынышы, жауынгердің ерлігі мен халықтың төзімі сахна тілімен әсерлі жеткізілді.

Бағдарламада көптеген музыкалық және би нөмірлері орындалды. «Аллегро», «Злато», «Инкоро», «Субкультура», «Krash», «Арабеск», «Конфетти» топтары патриоттық әндер шырқап, көрерменге ерекше рух сыйлады. Сонымен қатар «Шығыс таңы» би ұжымы орындаған «Венский вальс» көрермен ықыласына бөленді.

Жеке орындаушылар да сахнада өз өнерлерін паш етті. Юлия Юрочкина, Роман Хохлов, Евгений Выблов, Игорь Мещеряков, Тимур Калекперов секілді жергілікті өнерпаздар патриоттық әндер арқылы елдік рухты көтерді. Әсіресе, «Катюша», «Смуглянка», «Бери шинель», «Минуты тишины», «Махнём не глядя» секілді танымал шығармалар көрерменді толқытпай қоймады.

Концерт барысында соғыс жылдарының символына айналған «Журавли», «Синий платок», «Пора в путь дорогу», «Закаты алые», «Тучи в голубом», «В землянке» сияқты әндер орындалып, көрермен қауым өткен тарихты еске алып, ерлікке тағзым етті.

– Жеңістің 81 жылдығына арналған концерттік бағдарламалар өте жақсы ұйымдастырылған. Халықпен бірге тамашалап отырмыз. Әрдайым аспанымыз ашық болсын. Кейінгі жас ұрпақ тек бейбіт заманда алаңсыз өсе берсін деген аталық тілегім бар. Мереке құтты болсын, – деді Өскемен қалалық ақсақалдар алқасы төрағасының орынбасары Болатбек Құсайынов.

Облыс орталығы өнерпаздарының белсене қатысуымен өткен шарада алпыстан астам мерекелік нөмір орындалды. Мерекелік концерт көрерменге ерекше әсер қалдырып, патриоттық рухты нығайтты.

Ұлы Жеңіс күніне арналған бұл мәдени шара – бейбіт өмірдің қадірін ұғындырып, батыр бабалардың ерлігін ұрпақ жадында мәңгі сақтауға бағытталған тағылымды мереке ретінде есте қалды.

9 мамыр күні Өскемендегі «Даңқ» мемориалы кешенінде «Жеңіс рекорды» атты патриоттық-спорттық ерекше сайыс Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлер мен батырларды еске алуға арналды.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл күн тек мерекелік шара ғана емес, бейбіт өмірдің қадірін ұғындыратын ынтымақ пен бірлік алаңына айналды.

– Жобаның басты ерекшелігі – қатысушылар символикалық рекорд орнатуға атсалысты. Әрбір жасалған қолмен жерден көтерілу қимылы (отжимание) «алғыс бірлігі» ретінде есептелді. Жалпы саны – 1945 жылдың 9 мамырынан бері өткен бейбіт күннің санына тең болуы тиіс. Яғни, 29 585 рет бәріміз бірігіп, жерден серіппе жасауымыз қажет. Рекорд орындарына сенімдіміз. Сонымен қатар бір мезетте ең көп адамның бірге жаттығу жасау рекорды да тіркелмекші, – деді спорттық шараны ұйымдастырушылардың бірі, облыстық «Достық үйі – қоғамдық келісім орталығы» жанындағы жастар театрының актері Бекарыс Дәуренұлы.

Іс-шара үш негізгі бөлімнен тұрды. Алғашқысы – батырларды еске алуға арналған салтанатты ашылу мен үнсіздік минуты. Одан кейін «Жеңіс толқыны» атты ортақ жаттығу ұйымдастырылып, қатысушылардың нәтижесі арнайы экранда көрсетілді.

Бағдарлама аясында «Денсаулық фестивалі» де өтті. Қала тұрғындары мен қонақтары Бауыржан Момышұлы, Әлия Молдағұлова және Жәнібек Елеусізовтің есімі берілген спорт алаңдарында кроссфит, гир көтеру, эстафета секілді спорттық ойындарға қатысты. Сондай-ақ жарыс барысында концерттік бағдарлама да ұсынылды.

Патриоттық шараға 10 жастан бастап, 70 жасқа дейінгі тұрғындар жоғары белсенділікпен қатысты.

– Қазірдің өзінде 700-ге тарта қала тұрғындары мен қонақтары қатысып үлгерді. Классикалық жаттығуды орындай алмайтындар үшін жеңілдетілген нұсқалар – орындыққа сүйеніп көтерілу, тіреп тұрып жаттығу және отырып-тұру секілді баламалы жаттығулар қарастырылды, – деді патриоттық-спорттық шараны ұйымдастырушылардың бірі Владислав Киреев.

Шара соңында әр қатысушыға есімі мен ортақ рекордқа қосқан үлесі көрсетілген сертификат табысталып, жеңімпаздарға қаланың танымал жаттығу залдарына арнайы жолдамалар берілді.

Айта кетейік, бұл күні Жеңістің 81 жылдығына арналған салтанатты құрмет пен тағзым шаралары өңіріміздің барлық қалалары мен аудандарында өткізілді.

#ҚҰРМЕТ

Аймақ басшысы соғыс ардагерін Жеңіс күнімен құттықтады

✍ Айдос МЫРЗАХМЕТОВ
📷 Махаббат АХМЕТЖАНОВА

Ұлы Жеңістің рухы – майдан даласында от кешкен ардагерлердің тағдырымен өлшенеді. Сол ерлік шежіресінің тірі куәгерлерінің бірі – Ұлы Отан соғысының ардагері Михаил Яковлевич Головатюкке Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жеңіс күніне арналған Алғыс хаты табысталды. Мемлекет басшысының құттықтауын жеткізген облыс әкімі майдангердің ерлігі мен бейбіт өмір жолындағы қажырлы еңбегі кейінгі ұрпаққа мәңгілік өнеге екенін атап өтті.

Ғасырға жуық ғұмырында соғыстың да, еңбектің де ауыр жүгін көтерген Михаил Яковлевич Головатюк – тағдырдың талай тезінен өткен арда азаматтардың бірі. Ол 1927 жылдың 15 қазанында Иркутск облысындағы Кутулик ауылында дүниеге келген. Балалық шағы ел басына күн туған зұлмат кезеңмен тұспа-тұс келді. Облыс әкімі ардагер шаңырағына арнайы барып, Президенттің Жеңіс күніне арналған құттықтау хатын оқып берді.

«Сізді Ұлы Жеңіс күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл мереке жеңімпаз ұрпақтың қайсар рухы мен теңдессіз төзімділігінің символы болып табылады. Адамзат тарихындағы ең қантөгісті соғыстың барлық ауыртпалығы мен қиыншылығын көтере

отырып, сіздер біздің бейбіт өмірге, бостандыққа және жарқын болашаққа деген құқығымызды қорғап қалдыңыздар. Сіздің өмір жолыңыз өскелең ұрпақ үшін шынайы отансүйгіштіктің жарқын үлгісі болып саналады. «Ешкім де ұмытылмайды, ештеңе де ұмыт қалмайды» – Жеңіс күнінің мәні осы сөздерде жатыр. Халқымыз майдангерлер мен тыл еңбеккерлерінің теңдессіз ерлігі мен жанқиярлық еңбегін әрдайым есте сақтап, құрметтейтін болады. Барша отандастардың атынан сізге зор денсаулық пен амандық тілеймін!» – делінген құттықтау хатта.

Кездесу барысында Нұрымбет Сақтағанов ардагердің өнегелі өмір жолына, ұрпақ тәрбиесіндегі тағылымына ерекше тоқталды.

– Адам өз ұрпағымен мәңгі жасайды. Сізге тамаша ұлдарыңыз, немерелеріңіз бен шөберелеріңіз үшін алғыс айтқымыз келеді. Міне, мысалы, Владимир Михайлович – еңбек адамы. Кәсіпорынды басқарды, «Востокмашзаводтың» вице-президенті болды, «Алтай» футбол клубын басқарды, Өскемен қалалық мәслихатының хатшысы, қала әкімінің орынбасары, облыстық мәслихаттың хатшысы қызметтерін атқарды. Осы жетістіктердің бәрінің артында сіздің өнегеңіз тұр. Сіз балаларыңызды еңбекке, адал жұмысқа баулыдыңыз. Сол үшін сізге үлкен рақмет. Тағы да қайталап айтамын: адам өз ұрпағымен мәңгі жасайды. Сіздер – жеңімпаз ұрпақтың өкілдерісіздер. Біз сіздерді мақтан тұтамыз. Сіздердің арқаларыңызда бүгінде біз бейбіт аспан астында өмір сүріп жатырмыз. Балалар білім алып, еңбек



етіп, шығармашылықпен айналысып, ел игілігі үшін еңбек етуде. Мұның бәрі – сіздердей жеңімпаз ұрпақ өкілдерінің арқасы, – деді Нұрымбет Аманұлы.

Михаил Яковлевичтің майдан жолы да ел тарихындағы ең ауыр кезеңдермен астасып жатыр. 1943 жылы небәрі 16 жасында еңбек армиясына мобилизацияланып, Иркутскіден Байкалға дейінгі тайга арасындағы теміржол құрылысына қатысады. Арада бір жыл өткенде, жасы 17-ге де толмаған бозбала әскер қатарына шақырылып, Қиыр Шығысқа аттанады. Ол 579-атқыштар полкінің құрамында автоматшы болды.

Еуропадағы соғыс аяқталуға жақындағанымен, алда Жапонияға қарсы шешуші шайқастар күтіп тұрған еді. Михаил Яковлевич тарихтағы ең ауқымды әрі ең жылдам әскери операциялардың бірі саналған Маньчжурия

операциясына қатысты. От пен оқтың ортасында жүріп, ол ел алдындағы борышын абыроймен атқарды.

Өз кезегінде ардагер де ақжарма тілегін жеткізді.

– Жеңіс күнімен Сізді де құттықтаймын. Мықты денсаулық, бақ-береке тілеймін. Әр ісіңіз оңға бассын. Қазақстанға, барша жұртына бақыт тіледім. Бұл елде әрдайым береке және бейбітшілік болсын, – дейді Михаил Головатюк.

Соғыс аяқталған соң Михаил Яковлевич туған жеріне оралып, отбасын құрды. 1951 жылы Өскеменге қоныс аударып, қорғасын-мырыш комбинатында балқытушы болып еңбек жолын бастады. Металлургия саласында 30 жыл бойы табанды еңбек еткен майдангер өндірістің өркендеуіне өлшеусіз үлес қосты.

Жеңіс рухы: тағзым мен тебіреніске толы кеш

✍ Юлия СОЛОВЬЕВА
📷 Руслан АКМАТАЛИЕВ


9 мамыр күні кешкісін Өскемендегі «Жеңіс» мемориалдық кешені маңын ерекше рух кернеді. Майдан жылдарының жүрекке жететін әндері қалықтап, ел жадындағы өшпес естеліктер қайта тірілгендей әсер сыйлады. Ұлы Жеңістің 81 жылдығына арналған мерекелік концертке жиналған жұрт ерлікке тағзым етіп, бейбіт өмір үшін жанын қиған боздақтардың рухына құрмет көрсетті.

Кеш шымылдығы театрландырылған қойылыммен ашылып, сахнада сұрапыл соғыс жылдарының суреті жанды бейнедей өрілді. Ән мен биді ұштастырған көркем композициялар көрерменді өткен ғасырдың ауыр кезеңіне жетелеп, жүректерге сағыныш пен мақтанш сезімін ұялатты.

Сахна төріндегі LED-экраннан майдангерлердің жүздері көрінген сәтте алаң іші бір сәтке тына қалғандай болды. Терең ойға шомған ардагерлердің жанары бүгінгі ұрпаққа үнсіз тіл қатып, ерлік ешқашан ұмытылмауға тиіс екенін еске салғандай әсер қалдырды.

Бұл кешке өскемендіктер отбасыларымен келді. Ақ жаулықты әжелер, кеудесіне орден таққан қариялар, қол ұстасқан жас жұбайлар мен балғын бүлдіршіндер – бәрі де бір алаңға тоғысып, ортақ тарих алдында тағзым етті. Ұрпақтарды біріктірген сол сәтте Жеңістің шынайы құны мен бейбіт күннің қадірі тереңірек сезілді.

Концертте облыстық филармонияның әртістері, полиция департаментінің хоры, танымал хореографиялық ұжымдар мен өңірге белгілі әншілер



өнер көрсетті. Әсем Рыспаева, Эльдар Уадинов, Евгений Выблов, Арника Байбосынова, Игорь Мещеряков және өзге де өнерпаздардың орындауындағы әндер көрермен көңілін толқытты. Кештің ерекше әсерлі сәттерінің бірі еңбек сіңірген әртіс Вячеслав Ткачтың орындауындағы майдан әндері болды. Сағынышқа, үміт пен өрлікке толы әуендер көрерменнің жүрегін тербеді. Ал Арника Байбосынованың орындауындағы «Әлия» әні көпшілікті терең тебіреніске салды. Қазақтың батыр қызы Әлия Молдағұлованың ерлігіне арналған туынды залға жиналған жұрттың жан дүниесіне жол тапты. Небәрі он сегіз жасында қолына қару алып, Отан үшін от кешкен қайсар қыздың тағдыры әнмен бірге қайта жаңғырғандай болды.

Кеш соңында мемориал маңын ерекше бір жылылық баурады. Жиналған жұрт соғыс жылдарының әндерін

бірге шырап, естеліктерімен бөлісіп, Жеңістің қадірін жүрекпен сезінді. Сол бір кеште өткен мен бүгіннің арасы жақындап, ерлікке тағзым еткен елдің рухы асқақтай түсті.

БОЗДАҚТАРҒА БАҒЫШТАЛҒАН 7199 ШЫРАҚ

«Өз шырағыңды жақ» азаматтық-патриоттық акциясына жиналған жұрт майданнан оралмаған боздақтардың рухына тағзым етті. Жүрек түкпіріндегі алғысын алаулаған шырақтармен жеткізді.

Бұл кеште жағылған 7199 шырақ – бейбіт күн үшін жанын пида еткен өңір майдангерлерінің өшпес рухына арналған үнсіз тағзым. Мыңдаған шырақтан бес жұлдыз бейнесі мен оның төріне Ұлы Жеңістің 81 жылдығын айшықтайтын «81» саны бейнеленді. Қараңғылық қойнауында жымыңдаған оттар ел жа-

дынан өшпейтін ерлік пен ұрпаққа аманат болған тарихи жадының символындай әсер қалдырды.

Акцияға облыс әкімі Нұрымбет Сақтағанов отбасымен бірге қатысып, көпшілікпен майдангерлер рухына тағзым етті. Бұл ерлікке құрметтің, өткенге тағзымның және тарихи сананы ұрпақтан-ұрпаққа жеткізудің жарқын көрінісі еді.

Мемориал алаңына жиналған жұрттың қарасы қалың болды. Бәрі де үнсіздікпен тағзым етті. Бірі атасын еске алды, бірі сұрапыл соғыс жайлы естеліктерді жүрегінен өткізді. Ал алаулаған әрбір шырақ майдан даласында қалған тағдырлардың мәңгі сөнбес шуағындай көрінді.

Жыл сайын ұйымдастырылатын «Өз шырағыңды жақ» акциясы өскемендіктерді ортақ тарихи жады мен ұлт руханияты төңірегіне топтастырып келеді. Себебі Жеңіс – миллиондаған тағдырдың көз жасы мен қайсарлығы, ұрпаққа аманат болған ұлы тарих.

ЖЕҢІС КЕШІНІҢ ЖАРҚЫН НҮКТЕСІ

Кешкісін Өскемен аспанын жарқыраған отшашу көмкерді. Жеңістің 81 жылдығына орай ұйымдастырылған мерекелік отшашу қала тұрғындарына ерекше әсер сыйлап, тағылым мен тағзымға толы күннің қорытындысы болды.

Түнгі аспанда құбылған алуан түсті шұғылалар Жеңіс рухын асқақтатып, майдангерлердің ерлігіне деген құрметті айшықтай түскендей.

Жиналған жұртшылық батыр бабаларының жанқияр ерлігін еске алып, бейбіт күннің қадірін сезінді. Ал мерекелік отшашу Жеңіс күніне арналған әсерлі кештің жарқын қорытындысы болды.

#МӘДЕНИЕТ

Республикалық айтыста Шығыстың ақыны топ жарды

✍ Айна ЕСКЕНҚЫЗЫ

Сыр елінде даңқты қолбасшы Жалаңтөс Баһадүрдің 450 жылдығына арналған республикалық ақындар айтысы өтті. Аламан айтыста Шығыстың мақтанышы, талантты айтыскер ақын Жұлдызай Маратбек бас жүлдені иеленді.

Жалаңтөс Баһадүр - Қазақ хандығының сындарлы кезеңінде саясаткер әрі қолбасшы болған, ел есінде мәңгі сақталған бірегей тұлға.

Айтыс аламанында 12 ақын бақ сынады. Қорытындысында Шығыстың ақын қызы Жұлдызай Маратбек бас жүлдені иеленсе, үш дүркін «Алтын домбыра» иегері, қызылордалық Мұхтар Ниязов I орынды қанжығасына байлады. II орынды Қызылжардың құлагері Хавдолла Бейісхан алса, III орынды қыз бен жігіт айтысының жүйрігі Мақсат Ақанов пен Сырдың талантты перзенті Мейірбек Сұлтанхан өзара бөлісті. Ал Жалаңтөс Баһадүр атындағы арнайы жүлдемен белгілі айтыскер ақын Дидар Қами марапатталды.



Алаш рухын асқақтатқан дүбірлі додада жерлесіміздің мерейі үстем болып, Шығыс өнерінің абыройын тағы бір мәрте биіктетті. Бұл – барша шығыс жұртының қуанышы мен мақтанышы.

Облыс әкімі республикалық айтыста бас жүлдені жеңіп алған айтыскер ақын Жұлдызай Маратбекті арнайы қабылдап, жеңісімен құттықтады. Аймақ басшысы жас ақынның бұл жетістігін жоғары бағалап, оның өнері мен ізденісін ерекше атап өтті.

«Қызылордада өткен республикалық айтыста бас жүлдені иеленген айтыскер ақынымыз Жұлдызай Маратбекті қабылдап, ізгі тілегімді жеткіздім. Ол кілең сайдың тасындай іріктелген сөз зергерлерінің ішінен оза шапты. Жұлдызайдың жеңісі – мұқым Шығыс өнерінің мерейі. Осындай дарынды жастарымыз барда қазақтың айтыс өнері биіктей беретініне сенімім мол», – деді облыс әкімі.

Әкім өз сөзінде Жұлдызай Маратбектің бұл жеңісі тек жеке табыс емес, тұтас өңірдің рухани абыройын көтерген маңызды жетістік екенін атап өтті. Сондай-ақ, алдағы уақытта да жас ақынға шығармашылық табыс, биік белестер мен ел құрметіне бөленуіне тілектестік білдірді.

#«АУЫЛ АМАНАТЫ»

Бірегей бағдарламаның берері мол

✍ Дәурен АЛЛАБЕРГЕНҰЛЫ
📷 Нелли АХМЕРОВА

Облыста «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында жүзеге асқан жобалар ауыл тұрғындарының табысын арттырып, жаңа жұмыс орындарын ашуға жол ашуда. Өңірімізге сапары барысында Премьер-Министрдің кеңесшісі Ералы Тоғжанов бұл бастаманың тиімділігіне куә болды.

СЕРЕБРЯНСК ҚАЛАСЫНДА ЕНДІ САПАЛЫ ИНТЕРНЕТ БАР

«Ауыл аманаты» республикалық бағдарламасының шарапатымен өңірдегі «Ұлан телеком» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі Серебрянск қаласына сапалы интернет желісін тартып жатыр.

Кооператив басшысы Азамат Биғалиевтің жетекшілігімен қолға алынған жоба аясында 27 миллион 821 мың теңге көлемінде шағын несие берілді. Қаржы ауылдық елді мекендер мен шағын қалаларда жоғары жылдамдықтағы интернет желісін тартуға қажетті заманауи құрал-жабдықтарды сатып алуға бағытталған.

– Жоба облыстың Алтай ауданына қарасты Серебрянск қаласы мен Ұлан ауданының орталығы Қасым Қайсенов кентінде іске асуда. Оның аясында екі жаңа жұмыс орны ашылды. Барлығы 15 жұмысшымыз бар. Нәтижесінде елді мекендер тұрғындары жоғары жылдамдықтағы интернетке қол жеткізіп, цифрлық қызметтерді кедейсіз пайдалану мүмкіндігіне ие болды, – деді Азамат Шәкенұлы.

Өз кезегінде «Ұлан телеком» басшысы егер қаржылай қолдау берілетін

болса, бұл жұмысты облыс елді мекендерінде ары қарай да жалғастыруға ниетті екенін жеткізді.

ПОЛЯНСКОЕДАҒЫ ФЕРМА – АУЫЛҒА ЖАН БІТІРГЕН ЖОБА

ҚР Премьер-Министрінің кеңесшісі Ералы Тоғжанов Алтай ауданының Полянское ауылында былтыр жыл соңында ашылған, мың бас ірі қараға арналған тауарлы-сүт фермасында болып, шаруашылықтың жұмысын оң бағалады. Бұл жерде ол «Ауыл аманаты» жобасының мүмкіндіктерін толық пайдалану қажеттілігін атады.

Қазірдің өзінде сексеннен астам адамды тұрақты жұмыспен қамтып, сапалы сүт өндіруді жолға қойған тауарлы-сүт фермасының құрылысы «AMANAT» партиясы сайлауалды бағдарламасының аясында өткен жылдың соңында қолданысқа берілді.

Мұндағы сапалы сүт өндіруге бағытталған қондырғылар мен мал күтуге арналған техникалардың барлығы да шетелдік жабдықтар, тіпті сиырлардың өзі де шекара сыртынан жеткізілген голштин-фриз тұқымды ірі қара.

Ал осындай іргелі кәсіпорынды жергілікті халықтың арасынан шыққан өзінің мамандары мен білікті жас кадрлар басқарып отыр.

Инвестициялық жоба «Ертис» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы арқылы жылдық 2,5 пайыздық жеңілдетілген несие есебінен қаржыландырылған. Жоба құны – 10,151 млрд теңге. Оның 5,453 млрд теңгесі – кәсіпорынның өз қаражаты.

– Қаржыландыру 2024 жылы үш кезең бойынша жүзеге асырылды. Атап айтқанда, 2 млрд 226 млн теңге мал азығын дайындайтын техника мен тех-

нологиялық жабдықтарды сатып алуға жұмсалса, 7 млрд 371 млн теңге құрылыс-монтаж жұмыстарына бағытталды. Сонымен қатар 553,7 млн теңгеге Голландиядан голштин-фриз тұқымды 350 бас асыл тұқымды ірі қара мал сатып алынды. Ферма жоғары өнімді техникамен толық жабдықталған. Олардың басы бөлігі шетелден әкелінген. Нысан толық іске қосылғаннан кейін жылына 6 мың тонна сүт өндіруге мүмкіндік береді. Соған орай, алдағы уақытта тағы да қосымша жұмыс орындары ашылды, – деді «Мойылды-Байқоңыр» ЖШС директорының мал шаруашылығы жөніндегі орынбасары Сергей Бухряков.

Ферма мамандарының айтуынша, бұл кәсіпорын жобалық қуаты мен өндіріс көлеміне қарай бүгінгі уақытта республика бойынша алтыншы орында келеді, алда үздік бестікке ену межесі тұр.

БЫЛТЫРМЕН САЛЫСТЫР- ҒАНДА КӨРСЕТКІШТЕР 31 ПАЙЫЗҒА ДЕЙІН ӨСКЕН

Аталған сиыр фермасының жұмысын оң бағалаған Ералы Тоғжанов шаруашылық басында аймаққа жасаған сапарын қорытындылап шағын сұхбат берді.

– Шығыс Қазақстан облысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес «Ауыл аманаты» бағдарламасының жүзеге асырылуын қарастырдық. Өткен жылы атқарылған жұмыстар жан-жақты сараланып, биыл олардың нақты нәтижелері көрініс бере бастаған. Жалпы көрсеткіштер былтырмен салыстырғанда 15-31 пайызға дейін өскен. Бұл – өте жақсы нәтиже. Осы сапарда бірнеше ауылды аралап шықтық. Соның ішінде Глубокое ауданына қарайтын Ново-Ульбинка ауылында болдық. Онда шағын ғана бір отбасы 400 тауық өсіріп, өз кәсібін табысты дамытып отыр. Ауласын нағыз жұмыс орнына айналдырған. Бүгінде олар 400-500 тауықтың есебінен ай сайын шамамен 600 мың теңге табыс табуда. Бұл – адал еңбек пен мемлекеттік қолдаудың нақты нәтижесі, – деді Ералы Лұқпанұлы.

Оның айтуынша, әрбір ауыл тұрғыны өз ауласын шағын бизнес көзіне айналдыра алады. Мұндай бастамалар бір отбасының ғана әл-ауқатын арттырып қана қоймай, тұтас мемлекеттің экономикасына оң әсер бермек.

Биыл «Ауыл аманаты» жобасын іске асыру үшін облысқа 4,5 миллиард теңге бөлінген. Бұл қаражат нақты жобаларды жүзеге асыруға бағытталмақ.

– Біз облыстың бұл қаражатты тиімді игеретініне толық сенеміз. Әрбір жоба ауыл тұрғындарының табысын арттыруға, жаңа жұмыс орындарын ашуға және шағын кәсіпкерлікті дамытуға қызмет етуге тиіс. Ауылдық жерлерде кепіл мәселесі де өзекті екенін білеміз. Әсіресе, шағын ауылдарда тұрғын үйлердің нарықтық құны төмен болғандықтан, оларды кепілге қою кезінде қиындықтар бар. Бұл мәселе де назарға алынып, тиісті мемлекеттік органдармен бірлесіп шешілетін болады. Бұл – Президент тапсырмасы. Сол септі, ауыл халқына берілген осындай мүмкіндіктерді толық пайдалануымыз қажет. Жоба тек ауыл шаруашылығын дамытуға ғана емес, жалпы ауылдың экономикасын көтеруге арналған. Біздің азаматтар құс та өсіре алады, жұмыс-жидек те баптайды. Сондықтан шетелден сатып алуға тәуелді болмай, ауылда тұрғасын өз өнімімізді өзіміз өндіріміз қажет. Бұл – табыс көзі, бұл – жаңа жұмыс орны. Артық өнімді өткізіп, қосымша пайда табуға да барлық мүмкіндік бар, – деп түйіндеді өңірге сапар барысын ел Премьер-Министрінің кеңесшісі Ералы Тоғжанов.



#ӘЛЕУМЕТТИК АКЦИЯ

Өңірде «AMANAT керуені» жолға шықты

Жалғас САКАДИЕВ

Облыста ауыл тұрғындарына қолдау көрсетуге бағытталған ауқымды «AMANAT керуені» әлеуметтік акциясы басталды. Игі бастама «AMANAT» партиясының облыстық филиалының ұйымдастыруымен жүзеге асып, мамыр-маусым айларында өңірдің барлық аудандарын қамтиды.



Акцияның алғашқы кезеңі 5–28 мамыр аралығында өтеді. Керуен өз жұмысын Самар ауданынан бастап, шалғай ауылдардағы тұрғындарға медициналық, әлеуметтік және құқықтық көмекті жақындатуды көздеп отыр.

Жоба аясында Өскемен қаласындағы Онкология және хирургия орталығының білікті мамандары ауыл тұрғындарын тегін қабылдауда. Атап айтқанда, онколог, маммолог, гинеколог, уролог дәрігерлер кеңес беріп, қажетті тексерулер жүргізуде. Сонымен қатар, Astana Vision клиникасының офтальмологтары да арнайы құрал-жабдықтармен келіп, тұрғындардың көз саулығын тексеріп, нақты ұсыныстар беруде.

ШҚО бойынша «AMANAT»

партиясы әйелдер қанатының жетекшісі Зарина Камасованың айтуынша, бұл акция – ауыл тұрғындары үшін аса қажет жоба.

– Бүгін өте маңызды әрі игі шара басталды. Акция мамыр және маусым айлары бойы жалғасады. Біз үлкен медициналық бригадаммен келдік. Мақсатымыз – тұрғындарға медициналық, психологиялық және құқықтық көмек көрсету. Самар ауданында офтальмолог сияқты бейінді мамандар әрдайым бола бермейді. Сондықтан біз арнайы құралдармен келіп, толық тексеріс жүргізіп, қажет болса ем тағайындаймыз. Мұндай акциялар ауыл тұрғындары үшін өте маңызды. Әсіресе қалаға бара алмайтын жандарға нақты көмек

көрсетіледі, – деді ол.

Сонымен қатар, акция аясында ерекше қажеттілігі бар балалардың ата-аналарымен кездесулер өткізіліп, оларды оқыту мен жұмысқа орналастыру мүмкіндіктері түсіндіріледі.

Өз кезегінде, қалалық мәслихат депутаты, медицина ғылымдарының кандидаты Гүлмира Сағидуллина бұл бастаманың ауқымына тоқталды.

– Бұл – тек бір реттік шара емес, толыққанды медициналық тексеріс деуге болады. Бүгін әртүрлі саладағы дәрігерлерден құралған үлкен бригада келді. Онкологтар, офтальмологтар, фтизиатрлар, АИТВ/ЖИТС орталығының мамандары тұрғындарды қабылдауда. Біз әйелдер мен ерлер денсаулығын қатар

қамтып отырмыз. Негізгі мақсат – аурудың алдын алу, ерте анықтау және дер кезінде ем жүргізу. Осы арқылы ауыл тұрғындарының облыс орталығына бару қажеттілігін азайтамыз, – деді ол.

Акция барысында тек медициналық көмекпен шектелмей, әлеуметтік бағыттағы жұмыстар да қамтылуда. Жоғары оқу орындарының өкілдері мектеп бітіруші түлектерге кәсіби бағдар берсе, Халыққа қызмет көрсету орталығы мен Жұмыспен қамту басқармасының мамандары мемлекеттік қызметтер, гранттар мен кәсіп бастау мүмкіндіктері туралы кеңес беруде.

«AMANAT» партиясы облыстық филиалының атқарушы хатшысы Жанат Мекеева бұл бастаманың маңызын ерекше атап өтті.

– Самар ауданында облыстық деңгейдегі ауқымды әлеуметтік акция басталды. Негізгі мақсат – ауыл тұрғындарын сапалы әрі тегін медициналық қызметпен қамту. Оннан астам онколог маман, офтальмолог дәрігерлер қажетті құрал-жабдықтарымен келіп, кешенді тексеру жүргізуде. Сонымен қатар әлеуметтік қолдау бағытында да нақты жұмыстар атқарылуда. Бұл акция тұрғындарға жан-жақты көмек көрсетуге бағытталған, – деді ол.

Акцияның алғашқы күнде-

рінен-ақ тұрғындар тарапынан қызығушылық жоғары. Самар ауданының тұрғыны Гайникамал Кунафина мұндай бастаманың қолжетімді болғанына қуанышты екенін жасырмады.

– Былтыр осында операция жасатқан едім. Бүгін қайта келіп, тексеріліп отырмын. Осындай білікті дәрігерлердің ауылға келіп, тегін қабылдауы біз үшін үлкен көмек. Қалаға бару әркімнің қолынан келе бермейді. Сондықтан мұндай мүмкіндік болғанына өте қуаныштымын, – дейді ол.

Ал Көкжота ауылының тұрғыны Нажинов Ерлан бұл акцияның тек әйелдерге ғана емес, ер азаматтарға да пайдалы екенін атап өтті.

– Көп жағдайда ер адамдар дәрігерге қаралуға уақыт таппай жатады. Ал мұндай кезде білікті мамандардың ауылға келуі – үлкен мүмкіндік. Бұл тек әйелдерге ғана емес, ерлерге де өз денсаулығын тексертіп, кеңес алуға жақсы жағдай, – дейді ауыл тұрғыны.

Жалпы, «AMANAT керуені» жобасының басты мақсаты – ауыл тұрғындарының сапалы медициналық қызметтерге қолжетімділігін арттыру, құқықтық және әлеуметтік көмек көрсету, сондай-ақ аурулардың алдын алып, оларды ерте кезінде анықтауға ықпал ету.

#СПОРТ

Еркін күресте 230-дан астам жас спортшы бақ сынады

Жалғас САКАДИЕВ

Самар ауданында еркін күрестен жасөспірімдер арасында Қазақстан Республикасының жүлдегерлері, Самар ауданының еңбек сіңірген жаттықтырушылары, еркін күрестен спорт шеберлері ағайынды Аманғазы мен Мұхаметқазы Оңғарбаевтарды еске алуға арналған облыстық ашық турнир жоғары деңгейде өтті. Дәстүрлі жарысқа өңірдің түкпір-түкпірінен келген жас балуандар қатысып, боз кілемде өзара мықтыны анықтады.

Биылғы додаға Абай облысының Көкпекті, Мақаншы, Бородулиха аудандарынан, сондай-ақ Шығыс Қазақстан облысының Глубокое, Зайсан, Күршім, Тарбағатай, Үлкен Нарын, Марқакөл, Шемонаиха аудандары мен Риддер қаласы және Өскеменнен барлығы 12 команда келді. Жалпы саны 230-дан астам жас спортшы бақ сынады. Жарыс тартысты өтіп, әр салмақта балуандар барын салды.

Турнирдің басты мақсаты – жасөспірімдер арасында еркін күресті дамыту, дарынды спортшыларды анықтап, олардың шеберлігін шыңдау, сондай-ақ Оңғарбаевтардай елге еңбегі сіңген тұлғалардың есімін ұлықтау.

Самар ауданының аға жаттықтырушысы Еркебулан Махадиев бұл турнирдің маңызына тоқталып өтті.

– Бұл жарыс жыл сайын дәстүрлі түрде ұйымдастырылып келеді. Ағайынды Аманғазы мен Мұхаметқазы ағаларымызды еске алуға арналған турнирдің тарихы тереңде жатыр. Мен өзім де бала кезімде осы жарыста күрескенмін. Қазір, міне, бас төреші болып қызмет етіп жүрмін. Жыл сайын балалардың деңгейі өсіп келеді. Бұл – болашақ чемпиондардың қалыптасуына үлкен мүмкіндік, – деді ол.

Жас балуандар да жарыс туралы өз ой-



Жарыс жеңімпаздары:

21 кг:

- 1- Амангелді Айтөре (Глубокое)
- 2- Азаматұлы Рамазан (Самар)
- 3- Құсаинов Сағат (Үлкен Нарын)
- 3- Дулатұлы Нұрәлі (Самар)

23 кг:

- 1- Сұлтанов Азамат (Мақаншы)
- 2- Саматұлы Шапағат (Зайсан)
- 3- Хибанов Мансур (Глубокое)
- 3- Сымбатұлы Рамиль (Самар)

26 кг:

- 1- Чернышев Никита (Самар)
- 2- Бисенбек Исмаил (Тарбағатай)
- 3- Қуатбек Марат (Марқакөл)
- 3- Кеңесқалиев Сабыр (Тарбағатай)

29 кг:

- 1- Ерғазинов Тамерлан (Самар)
- 2- Закиров Расим (Глубокое)
- 3- Мадияр Батырхан (Тарбағатай)
- 3- Мұрат Әлихан (Мақаншы)

32 кг:

- 1- Тайшинов Елнұр (Самар)

- 2- Қанатұлы Бекзат (Тарбағатай)
- 3- Дәулетов Айжігіт (Самар)
- 3- Бақытжан Мұхаммед (Глубокое)

38 кг:

- 1- Ушпаев Саид (Үлкен Нарын)
- 2- Манарбеков Ертілек (Көкпекті)
- 3- Қабдылғалымов Иманәлі (Тарбағатай)
- 3- Смаилов Нұрболат (Самар)

41 кг:

- 1- Есен Дарын (Самар)
- 2- Батырхан Арыстан (Тарбағатай)
- 3- Саденов Тимур (Самар)
- 3- Амангелді Жасұлан (Көкпекті)

44 кг:

- 1- Аслан Ислам (Үлкен Нарын)
- 2- Қайырды Амир (Үлкен Нарын)
- 3- Қазырхан Жәңгір (Самар)
- 3- Дүйсенбай Рамазан (Самар)

48 кг:

- 1- Бекенов Алаң (Самар)
- 2- Қаламқан Нұрбол (Зайсан)
- 3- Төлеубек Ерасыл (Өскемен)
- 3- Жаратқан Ақарыс (Марқакөл)

ларын ортаға салды. Тарбағатай ауданынан келген жас спортшы Сабыр Кеңесқалиев күреске ерте жастан қызығып, аз уақыт ішінде тәжірибе жинап үлгергенін айтты.

– Мен күреспен бір жылдай айналысып жүрмін. Сегіз жасымда бастадым, қазір тоғыздамын. Осы уақыт ішінде біраз жетістіктерге жеттім. Бүгінгі жарыста жақсы нәтиже көрсетуге тырыстым. Барлық қатысушыларға сәттілік тілеймін, – деді ол.

Ал Күршім ауданынан келген Дастан Ернарұлы бұл спортқа бала күнгі арманы жетелеп әкелгенін жеткізді. Ол бұған дейін де түрлі жарыстарда жүлде алып жүргенін атап өтті.

– Күреспен айналысқанымға үш жыл болды. Республикалық жарыстарда жүлделі орындарым бар. Бұл спортты кішкентайымнан армандадым. Осы турнирде де жеңіске жетемін деген үміттемін, – деді спортшы.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен елімізде бұқаралық спортты дамыту – ұлт денсаулығының кепілі ретінде басты назарда. Осы саясат аясында еркін күрес секілді дәстүрлі спорт түрлеріне, әсіресе балалар мен жасөспірімдер арасында, ерекше мән беріліп келеді. Мұндай турнирлер жас буынның спортқа деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың болашақта үлкен жетістіктерге жетуіне жол ашады.

Жарыс қорытындысы бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлерге қаржылай сыйлықтар, белбеулер мен арнайы марапаттар табысталды. Бұл жас спортшыларға үлкен мотивация беріп, алдағы жарыстарға деген жігерін арттыра түсті.

Осындай жарыстар арқылы ауыл мен ауданнан шыққан жас балуандар үлкен спортқа жол ашып, ел намысын қорғайтын болашақ чемпиондарға айналары сөзсіз.

Бетті әзірлеген –
Жансая ТӨЛЕУҒАЗЫ

#ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВ – 95

ХАЛҚЫНА ҚҰРБАН, АТЫНА ТҰРМАН БОЛҒАН АЗАМАТ

Серік ҚҰСАНБАЕВ

Кез келген адам баласы шыр етіп жарық дүниеге келген кезде оның қанша жыл өмір сүретіндігі, нендей іспен айналысатындығы, қандай отбасы болатындығы, соңына қандай із қалдыратындығы бәрі-бәрі пешенесіне жазылып қоятын көрінеді. Үлкендердің «Пенде пешенесіне жазылғаннан асып ешқайда кете алмайды» деп отыратындары да осы болар?!

Өзге ұлтты айтпағанда қазақ – қазақ болып жаралғалы тарих сахнасына кімдер келіп, кім кетпеді?! Солардың барлығы да өз пешенесіне жазылғаннан асып кете алмағаны анық. Айталық, хан – хандығын құрды, батыр – анталаған жаудан елін, жерін қорғады дегендей.

Кешегі Керей, Жәнібек, Абылай бастаған хандар да, Қабанбай, Бөгенбай сынды батырлар да, Абай, Жамбыл, Мұқағалидай ақындар мен Әлихан, Ахмет бастаған алаш арыстары да өз пешенелеріне жазылғанды белгілі бір уақытта өтеп болғасын, о дүниелік боп кете барды. Олар жайдан-жай, із-түзсіз кете барған жоқ. Соңдарында келер ұрпаққа үлгі-өнеге боларлық өшпес із қалдырып кетті. Кейінгі ұрпақ соларға қарап ой, соларға қарап бой түзеді.

АРЫСТАРДЫ АҚТАУҒА АТСАЛЫСҚАН

Алдыңғы толқын ағаларының күрескерлік, қайраткерлік, ұлтжандылық секілді асыл қасиеттерін өнеге тұтып, елі мен жері үшін, отарлаушы елдің ойына келгенді жасап, ұзақ жылдар бұрмаланып-жырмаланып келген ұлтының төл тарихын түгендеуге, тағы да сол отарлаушылардың қолынан қасақана өліп бара жатқан салт-дәстүрін, тілі мен дінін, әдебиеті мен мәдениетін сақтап қаламын деп басын қатерге тіккен бітуар азаматтың бірегейі – Өзбекәлі Жәнібеков болатын.

Өзбекәлі Жәнібековтің кім екендігін, қазақ халқына қандай қызмет атқарғандығын, сол жолда кімдермен ұстасып, кімдермен тістесіп жүріп ақыры түрлі-түрлі қуғын-сүргінге ұшырағандығын, қызметтен шеттетілгендігін, есіл еңбегі саналы түрде ескерусіз қалдырылып сый-сияпат, марапат-сарапаттан қағылғандығын біреу білсе, енді біреулердің білмеуі де заңдылық. Ол үшін «Сен Өзбекәлі Жәнібековті неге танымайсың?!» деп өкпелеуге де болмайды.

Өзіндік батыл ой-пікірі бар, өмірге, өңірге, елі мен жеріне, оның салт-дәстүрі мен тарихына, құндылықтарына нем-құрайлы қарай алмайтын шыншыл тұлғаларға орын бола бермейтінін бәріміз білеміз.

Алғаш тәуелсіздік алған жылдары Өзбекәлі Жәнібеков те сол кездегі биліктің көмейіне көлденең тұрып қалған сүйектей болғаны рас. Содан да болар, халыққа нағыз қызмет етер шағында түрлі сылтаулармен, нақақ жала жауып саяси алаңнан кетірді де, қайтып мемлекеттік қызметке жолатпай қойды.

Өз ағаң жайлы естелік жазушылар: – Ол атақ-абырой қуған жоқ. Кеңестік қатал идеологияға қарамастан, Алаш зиялыларының ақталуына атсалысты. Елдің Наурыз мейрамымен қайта қауышуына айтарлықтай үлес қосты. Тәуелсіздік алған жылдары Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің сән-салтанаты болған атақты Тайқазанның орны бос тұрған. Оны 1935 жылы Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) қаласында өткен Иран шеберлерінің III Халықаралық конференциясына үш айға деп апарған. Бірақ, кері қайтарған жоқ еді. Араға 54 жыл салып, 1989 жылдың 18 қыркүйегінде Тайқазан

тарихи отанына қайта оралды. Бұның бәрі Өзбекәлі Жәнібековтің жанқиярлық еңбегінің арқасында болды. Қызмет бабымен жүрген жерінде музейлер ашты. Ана тілін дамыту бағдарламасының мемлекеттік тұжырымдамасын жасауға қатысты.

Оның балалық шағы қиындыққа толы болды. Әкесінен ерте айырылды. Соған қарамастан, барлық қиындыққа төтеп беріп, соғыстан кейінгі ауыр жағдайға мойыған жоқ. Жастайынан қара жұмысқа араласып, отын шапты, шөп жинап, су тасыды, мал бақты. Аурушаң анасына барынша көмектесуге тырысты. Бар болғаны 9 жасында анасынан айырылды. Жетімдіктің қамытын ерте киіп, тағдырдан әбден теперіш көрді. Соған қарамастан, білімін шыңдап, Абай атындағы Қазақ педагогика институтына түсті. Бірақ жоқшылықтың салдары сезіледі. Ауылынан Алматыға шыққанда жолына ақша таппай қиналады. Ал қалаға барғаннан кейін күндіз сабақ оқып, кешке қара жұмыс істеп, вагондардан жүк түсірген кездері де аз емес, – деп қалам тербейді.

ҚАРЫНДАСҚА ҚОРҒАН БОЛҒАН ӨЗ АҒАҢ...

2023 жылы Алматыдағы «Отбасы» баспасынан танымал журналист Санжар Керімбайдың «Өзбекәлі және мәдени майдан» атты естелік әрі талдау еңбегі жарық көрген болатын. Автор осы еңбегінде кешегі коммунист, күрескер, қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібектің өмірі мен өмірлік ұстанымы, өзіндік жұмыс



істеу тәсілдері жайында жан-жақты мағлұмат бере отырып талдау жүргізеді.

Автор осы кітабының «Қыздарға қорған табылды» деп аталатын бірінші бөлімінде бас кейіпкерін төмендегідей сипаттайды.

– Қаулының жобасына неге қол қоймадың?

– Григорий Андреевич, солярка сасыған қызға қандай жігіт жолайды? Қыздың келешегін ойлау керек. Мыңдаған еркек офисте қағаз кеміріп отыр. Трактор айдайтын адам табылмаса, соларды жіберейік. Керісінше, қыз-келіншектер кеңсеге ауысса, ұқыптылық пайда болады, – деді ол.

Сол сәтте М.Батраков орнынан ұшып тұрып:

– Көрдіңіз ғой Григорий Андреевич, бітіп тұрған шаруаны комсомол хатшысы әдейі қиындатып отыр, – деп безілдеді.

– Сіз әлі де түсінбей тұрсыз. Мен трактор бригадасына қарсы емеспін. Бригада құрылсын! Жұмысын жасай берсін. Бірақ бригаданы қыз-келіншектерден жасақтауға үзілді-кесілді қарсымын!

– Неге қарсысың? Олар барса не болады?

– Ештеңе болмай ма?

– Не қылады екен?



– Ендеше өзіңіз әйеліңіз бен қызыңызды тракторшының курсына жіберіңіз. Сіз жіберсеңіз, мен құжатқа қол қоямын. Бірақ, олай етпейтініңізге сенімдімін. Біреудің әлпештеген әйелі мен еркелеткен қызын ауыр жұмысқа үгіттеп, егіске айдап салу – оңай іс. Кезек өзіңе келгенде кібіртіктеп қаласың, – деді қаймықпай.

Оның кескінінен «Мен тірі тұрғанда ешбір қазақ қызы трактордың рөліне отырмайды!» деген кесінді рай білініп тұрды. Содан болар, мысы басып М.Батраковты ықтырып қойды. Ол айтарға сөз таппай тосылды.

Осы кезде үнсіз отырған Г.Рогинец сынып кетті ме әлде аяқ астынан шыншыл болып шыға келді ме, белгісіз!

– Хатшы дұрыс айтады. Әйелдерден

Комсомолдың қырсық хатшысы карьерасын бәйгеге тігіп, не үшін өкіметпен тіресіп отыр? Себебі ол «Қыз-келіншектер бригадасы» дегеннің астарында «қазақ қыз-келіншегі» деген солақай саясат жатқанын жақсы біледі. Мұндай ауыр жұмысқа жегілгенде үлбіреген қазақ қызының нәзіктігінен төрт-бес жылда түк те қалмайды. Бұл жұмыстың ауырлығы табиғаты қолайлы оңтүстік аймақта онша білінбейді. Бірақ, ауа райы қатал солтүстік өлкеде трактор айдаған әйелдер бала таппайтын бедеу болып қалатын. Бір қызығы, ақжүрек Рогинец мұны жақсы біледі және ол да бұл қаулыға қарсы.

Дәл осы уақытта өзгелер Алматыға пропискаға бірден тіркеліп, оп-оңай пәтер алып, астың асылын ішіп, тонның қамқасын киіп, сенбі-жексенбіде Медеуде коньки теуіп жүретін. Бұл қаулының түбін қазсаң, жігіттің ұшы кремльге тіреледі. Ондағы сұмпаиы коммунистер Қазақстан мәдениетіне қарсы майдан жүргізіп жатқан. Яғни, қазақ жұртын сталиндік кезеңдегідей аштықпен қырып, тұрпайы жолмен атып, итжеккенге айдап, физикалық түрде жоя алмайтын. Қолайлысы – мәдениетке қарсы майдан жүргізу.

Ол былай болады: қазақтарды қалаға жолатпайды. Жігіт тұрмақ, қызының өзін оқуға түсірмей, қара жұмысқа жегеді. Жолы болып қалаға орнықса да, баласын қазақша оқытуға мүмкіндік бермейді. Қазақ мектебі мен балабақшасын қолдан тұншықтырады.

Осыншама тегеурінді мәдени шабуыл күшінде тұрғанда бар болғаны 34-ақ жастағы Өзбекәлі қорықпай өкіметтің саясатына қарсы қимылдап тұр. Ол биліктің тетігін жақсы біледі. Ереже бойынша комсомолдың бірінші хатшысы қол қоймаса, партияның ешбір қаулысы жүзеге аспайтын.

Алматыдағы коммунист көсемдер мұндай қарсылыққа алғаш рет тап келіп тұрса таңғалмаңыз. Себебі бұдан бұрын да жоғарыдағы шенеуніктер ешкіммен ақылдаспай, желігі басылмаған жастарға ұнай кететін түрлі ұран ойлап тауып, комсомолдарды елдің кез келген түкпіріндегі қара жұмысқа сұраусыз сала беретін.

Өзбекәлі комсомолдың бірінші хатшысы болған соң осындай қаулылардың желкесін қиды.

Өзбекәлі Жәнібекұлы 1931 жылдың 28 тамызы күні Түркістан облысының Отырар ауданында дүниеге келген. Қылышынан қан тамған сонау Кеңес үкіметінің тұсында ұзақ жылдар лауазымды қызметтердің тізгінін ұстай жүріп, жұртының жоғын жоқтап, ұлтының қамын ойлаған бірегей тұлға.

Биыл Өзағаңның дүниеге келгеніне 95 жыл. Елім деп туған есіл ердің мерейлі мерейтойы тек қана Түркістан емес, күллі қазақ даласында аталып өтуі тиіс.

#ҚАРЖЫЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

Ақшаңызды алаяқтардан қалай қорғап, жинағыңызды сақтауға болады?

Бүгінде цифрлық технологиялар өмірімізді жеңілдетіп отыр, алайда сонымен бірге алаяқтық тәуекелдері де артып келеді. Қаскөйлер барған сайын айлакер бола түсіп, алдаудың жаңа тәсілдерін ойлап табуда. Сондықтан қаржылық қауіпсіздік мәселесі әр адамға қатысты. KMF Банк сарапшыларының айтуынша, ең басты ереже – бөтен адамдарға жеке деректер мен растау кодтарын бермеу.

– Банк қызметкерлері ешқашан SMS арқылы келген кодтарды, құпиясөздерді, картаның CVV-кодын немесе ақша аударуды сұрамайды. Егер сізге осындай өтінішпен хабарласса – әңгімені дереу тоқтату қажет, – деп атап өтті «KMF Банк» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Қарлығаш Райханова.

Оның айтуынша, алаяқтар көбіне адамның эмоциясына әсер етеді: қорқытуы, шешімді тез қабылдауға мәжбүрлеуі немесе керісінше, жылдам пайда көруді уәде етуі мүмкін. – Ең бастысы, сабыр сақтау, қысымға берілмеу және әңгімені бірден аяқтау. Осыдан кейін банктің ресми байланыс орталығының нөмірі арқылы өзіңіз хабарласқаныңыз жөн, – дейді сарапшы.

АЛАЯҚТЫҚ ҚОҢЫРАУДЫ ҚАЛАЙ ТАҢУҒА БОЛАДЫ?

– сізді шешімді дереу қабылдауға асықтырады;
– шоттың бұғатталуымен немесе ақшаны жоғалтумен

қорқытады;
– SMS арқылы келген кодты айтуыңызды сұрайды;
– белгісіз қосымшаны орнатуды ұсынады;
– ақшаны «қауіпсіз» шотқа аударуды талап етеді;
– әңгімені үзбеуді сұрайды.
Қазіргі таңда банктер клиенттер зардап шекпей тұрып алаяқтықтың алдын алу үшін заманауи технологияларды белсенді түрде енгізуде. Нақты уақыт режимінде операцияларды талдайтын жүйелер қолданылады: олар күмәнді аударымдарды, әдеттен тыс әрекеттерді анықтап, қажет болған жағдайда операцияларды уақытша тоқтатады немесе қосымша растауды сұрайды.

– Біз күмәнді әрекеттерді анықтауға көмектесетін жасанды интеллект негізіндегі цифрлық шешімдерді қолданамыз. Егер жүйе тәуекелдің жоғары екенін байқаса, операция қосымша тексеру үшін уақытша тоқтатылуы мүмкін, – деп түсіндіреді Қарлығаш Райханова.

Сонымен қатар, мобильді қосымшалардың қорғанысы күшейтіліп, көпфакторлы аутентификация енгізілуде, ал клиенттерге шот бойынша кез келген әрекет туралы хабарламалар жіберіледі. Дегенмен, ең заманауи технологиялардың өзі клиенттің мұқияттылығын алмастыра алмайды. Адамның қатысуынсыз тәуекелдерді толық жою мүмкін емес.

Алаяқтар бүгінде заманауи тәсілдерді жиі қолданады: телефон нөмірлерін алмастыру, жалған сайттар, банктер мен мемлекеттік қызметтердің ресми хабарламаларына ұқсас хабарламалар жіберу. Сондықтан тек сенімді ақпарат көздеріне ғана сену маңызды.

КЕҢ ТАРАЛҒАН АЛАЯҚТЫҚ СХЕМАЛАР

Жиі кездесетін тәсілдердің бірі – несие рәсімдеуге «көмек көрсету». Нәтижесінде адам ақша алмайды, керісінше өз қаражатынан айырылады. Ақша дропперлердің шоттарына аударылуы мүмкін – бұл қаражатты қолма-қол ақшаға айналдыру үшін пайдаланылатын жалған тұлғалар. Айта кету керек, Қазақстанда 2025 жылдың қыркүйегінен бастап дропперлік үшін қылмыстық жауапкершілік енгізілді.

Тағы бір кең таралған тәсіл – өзін банк қызметкері ретінде таныстырып, «шот бұзылды» деген сылтаумен хабарласу. Қаражатты «қорғау» деген желеумен адамды ақшасын «қауіпсіз» шотқа аударуға көндіреді. Шын мәнінде, қаражат алаяқтардың қолына түседі.

Есте сақтаңыз: банк қызметкерлері ешқашан «қауіпсіз», «резервтік», «қорғалған» немесе басқа арнайы шотқа ақша аударуды сұрамайды.

Егер сіз деректеріңізді, SMS арқылы келген кодты айтып қойсаңыз немесе ақша аударсаңыз:

– картаны мобильді қосымша немесе банктің байланыс орталығы арқылы шұғыл бұғаттаңыз;
– құпиясөздерді өзгертіңіз;
– банкке болған жағдай туралы хабарлаңыз;
– құқық қорғау органдарына жүгініңіз.

Қазақстанда eGov mobile қосымшасында «Стоп-кредит» қызметі қолжетімді. Ол өз атыңызға несие рәсімдеуге ерікті түрде тыйым салуға мүмкіндік береді. Бұл алаяқтық несиелендіру тәуекелін азайтудың қосымша тәсілдерінің бірі.

АҚШАҢЫ ҚАЙДА ҚАУІПСІЗ САҚТАУҒА БОЛАДЫ

Жинақты сақтау туралы сөз болғанда, ірі сомаларды еш қорғалмаған жерде ұстамау маңызды. Ең түсінікті шешімдердің бірі – қаражатты сақтап қана қоймай, оны көбейтуге мүмкіндік беретін банк депозиттері.

– Депозит – ертеңгі күнге сенімді болғысы келетіндер үшін қарапайым әрі түсінікті құрал, – деп атап өтеді KMF Банк мамандары.

ДЕПОЗИТ ШАРТТАРЫ

KMF Банк өнімдерінің бірі – толықтыру мүмкіндігі бар «Депозит плюс».

Негізгі шарттары:
мерзімі 3 ай – 18,27%-ға

дейін (ЖТСМ 19–20%);
мерзімі 6 ай – 17,4%-ға дейін (ЖТСМ 18–19%);
мерзімі 12 ай – 13,5%-ға дейін (ЖТСМ 14–14,5%);
валюта – теңге;
сома – 50 000 теңгеден бастап.
Ішінара алу қарастырылмаған, алайда салымды мобильді қосымша арқылы кез келген уақытта толықтыруға болады. Сонымен қатар қаражат сенімді қорғалған, себебі Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры жүйесіне қатысады.

Сенімді банкті таңдап, қаражатты депозитке орналастыру арқылы сіз тәуекелдерді азайтып қана қоймай, болашаққа қаржылық қор жасайсыз. Ал бұл – қазіргі заманда аса маңызды сенімділік. Банк операцияларын жүргізуге ҚНРДА 25.11.2025 жылы берген № 1.1.121 лицензия

KMF

*ЖТСМ 14%-дан
20%-ға дейін
ГЭСВ от 14%
до 20%

20%

ДЕПОЗИТ

☎ 7474
kmf.kz

Банк операцияларын жүргізуге ҚНРДА 25.11.2025 жылы берген № 1.1.121 лицензия

#СТАТИСТИКА

Жол апаттары азайғанымен, адам шығыны кеміген жоқ

Облыста жыл басынан бері жол-көлік оқиғаларының саны 18 пайызға азайғанымен, адам өлімі көрсеткіші әлі де алаңдатарлық деңгейде қалып отыр. Төрт ай ішінде өңірде 296 жол апаты тіркеліп, 427 адам зардап шеккен. Қайғылы оқиғалардың басым бөлігі жүргізушілердің жол қозғалысы ережелерін өрескел бұзуынан орын алады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында жол-көлік оқиғаларының алдын алу мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарының бірі ретінде айқындалған. Осыған орай Шығыс Қазақстанда жол қауіпсіздігін сақтауда жүйелі жұмыстар атқарылып келеді.

Алғашқы төрт айдың қорытындысы бойынша облыс аумағында 296 жол-көлік оқиғасы тіркелген, бұл

2025 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 18%-ға аз. Жалпы жол-көлік оқиғаларынан 427 адам зардап шеккен, оның ішінде жарақат алғандар – 416 адам (оның 77-сі кәмелетке толмағандар), қаза тапқандар – 11 адам.

Жүргізушілердің жол қозғалысы ережелерін бұзуы – апаттардың негізгі себебі. Тек жеңіл автокөлік жүргізушілерінің қатысуымен 252 жол-көлік оқиғасы тіркелген, бұл жалпы санның – 85 пайызы. Жеңіл көлік қатысқан жол-көлік апаттарынан 370 адам зардап шегіп, 11 адамның өмірі қиылды.

Айта кететіні, жол-көлік оқиғаларының және одан зардап шеккендердің саны азайғанымен, адам өлімінің көрсеткіші өзгермей отыр. Республикалық маңызы бар жолдарда орын алған жол апаттарының салдары – әлі де өзекті мәселе.

Сондықтан жол қозғалысына қатысушыларды белгіленген ережелер-



ді қатаң ұстануға, жылдамдық режимін сақтауға және жолда барынша мұқият болуға шақырамыз. Жолдағы тәртіп пен жауапкершілік – адам өмірі мен қауіпсіздігінің басты кепілі. Әрбір жүргізуші мен жаяу жүргінші заң

талаптарын сақтаған жағдайда ғана жол-көлік оқиғаларының алдын алуға болады.

Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі департамент

#12 МАМЫР – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МЕЙІРБИКЕ КҮНІ

Ақ халатты абзал жандар

✍ Айна ЕСКЕНҚЫЗЫ

Жыл сайын 12 мамырда бүкіл әлемде мейірбике күні аталып өтеді. Бұл күнді Мейірбике ісі қызметінің негізін қалаушылардың бірі Флоренс Найтингейлдің туған күніне орай 1974 жылы Халықаралық мейірбике ісі кеңесі бекіткен болатын.

Халықаралық мейірбикелер күні осы мамандық туралы ғана емес, күн сайын артық сөзсіз, алғыс күтпестен, тек басқаша өмір сүре алмайтындықтан адамдардың жанына арашасы болып жүрген орта буын медицина қызметкерлері туралы айтқымыз келеді.

Кейде ақ халатты жандардың аты-жөні жадында қалмайды. Даусына қарап, есте сақтайсың. Түн ортасында сабырмен айтқан «қазір бәрін реттейміз, бәрі жақсы болады» деген сөздері жаныңа үміт сыйлайды. Ең қиын сәтте дірілдемеген қолдары есте қалады. Ең бастысы – ешқайда кетпейтін, қасыңнан табылатын жан бар екенін сезінген сезім қалады.

Сондай жандардың бірі – Шығыс Қазақстан облыстық фтизиопульмонология орталығында көп жылдар посттағы медициналық қызметкер болып істейтін Айдар Жадранов.

Бір кездері «медицина менің өмір бойы ісіме айналады» деген оның үш ұйықтаса, түсіне де кірмеген. Колледжден кейін жедел медициналық жәрдем станциясына шақыртуларға шығатын медициналық қызметкер болып орналасады. Өзі жас, әлі үйленбеген, үлкен өмірге енді қадам басқан жігіт үшін ол кезде шақыртулар, дабыл үні, түнгі ауысымдар, бойың үйрену мүмкін емес өзгелердің қайғысы, бәрі тек шапшаң қимылдаумен өлшенетін.

Сондай қарбалас жұмыс күндерінің бірінде оның есінен кетпес оқиға болды. Күнделікті көп шақыртулардың бірі аяқ астынан екі бірдей адамның өмірі үшін жанталасқан күреске айналды. Жүкті әйелдің толғағы ауруханаға жеткенше басталып кетеді де, тура көліктің ішінде босанып қалады. Әлі үйленбеген, балалары да жоқ, ешқандай тәжірибе жинап үлгермеген жас маман өмір есігін ашқан нәрестені алғаш рет қолына алады. Қорқып та үлгермеген жас жігіт артық сөзсіз, «бәрі де жақсы болады» деген оймен, үнсіз ғана өз қызметін атқарып шығады.

Бәлкім, дәл осындай сәттерде адам өзінің шынайы өмірлік миссиясын түсінетін шығар.

Міне, 15 жылдан бері Айдар Жадранов Шығыс Қазақстан облыстық фтизиопульмонология орталығында жемісті еңбек етіп келеді. Осы уақыт ішінде ол хирургия, жансақтау бөлімі, терапия, қарқынды терапия палатасы, ЭКГ кабинеті секілді көптеген бөлімшелерде қызмет етті. Жұмыстары ауыр да күрделі және әрдайым арқа сүйейтін мықты мамандарды қажет ететін бөлімшелерде жұмыс істеді.

Алайда оның қызметі ешқашан аурухана қабырғасымен ғана шектелген емес.

Көп жыл бойы Айдар «Қуат» үкіметтік емес ұйымымен бірлесіп, қоғамның ең осал топтарындағы жандарға – көбіне дертпен де, тағдырмен де жалғыз күресіп жүрген адамдарға көмек көрсетті. Емделуге сенбейтін, жүйеге күмәнмен қарайтын, қоғамнан алыстап кеткен жандарға қол ұшын созды. Мұндай науқастармен жұмыс істеу тек медициналық білімді ғана емес, үлкен сабырды, адамгершілікті және ішкі беріктікті талап етеді. Кейде адамды емдеуден бұрын, оның біреуге қажет екенін сезіндіру маңыздырақ.

Әріптестері оған «сенімді» деген жалғыз сөзбен баға береді.

Ол өзіне өте талапшыл, үнемі біліктілігін арттырып, отандық және шетелдік фтизиатрия жетістіктерін жіті қадағалап жүреді, нормативтік құжаттарды зерделеп, заманауи тәсілдерді тәжірибеге енгізуге атсалысады. Бірақ кәсібилігінің ар жағында әрдайым басты нәрсе – адамға деген қарым-қатынасы тұрады.

Айдар науқасқа дер кезінде жылы сөз айта білетін, туыстарына демеу болатын, жас мамандармен тәжірибесін бөлісетін білікті де білімді маман. Ұжым оны сабырлылығы, жанашырлығы және қандай жағдайда да көмекке дайын тұратыны үшін құрметтейді.

Орталықтағы іс-шаралардың көбінің басы-қасынан Айдар Жадранов табылады. Кәсіподақтың белсенді мүшесі ретінде кез келген бастаманы – еңбекке қатысты болсын, спорттық не қоғамдық болсын – әрдайым қолдап жүреді. Спортпен шұғылданып, футбол ойнайды, айналасына адамдарды біріктіріп, нағыз команда рухын қалыптастыра алатын шеберлігі тағы бар.

Медицина қызметкерінің машығы оның отбасылық өмірінің де ажырамас бөлігіне айналған. Үйде жұбайы, балалары немесе жақындары сырқаттанып қалса, ең алдымен Айдарға жүгінеді. Бұл да – сенімнің ерекше түрі. Айдардың екі ұлы мен бір қызы бар. Олар үшін ол тек әке ғана емес, өзінің сабырлығымен көңілдерін тыныштандыратын, қорған болатын адам.

МЕДИЦИНАҒА АДАЛ 40 ЖЫЛ

Жұмысты жай ғана мамандық емес, өмірінің мәні мен тағдырына айналдыратын жандар болады. Шығыс Қазақстан облыстық ауруханасының мейіргері Найла Қашенова – дәл сондай жүрегі кең, тәжірибесі мол, кәсібіне шын берілген жан.

Биыл оның медицина саласында еңбек етіп жүргеніне 40 жыл толып отыр. Осы жылдардың барлығы бір ғана мекемемен – Шығыс Қазақстан облыстық ауруханасымен тығыз байланысты.

– Медициналық училищені бітірген соң осында келдім де, содан бері жұмыс істеп келемін. Сол кезде өзіме: облыстық ауруханаға келдім екен, осында өмір бойы еңбек етемін деп шештім, – дейді Найла Нұрсапарқызы күлімсіреп.

1986 жылы ол Лениногор медицина-



налық училищесін «Мейіргер ісі» мамандығы бойынша тәмамдаған. Найла Нұрсапарқызы – Ұлан ауданының тумасы. Медицина саласына деген қызығушылығы бала күнінен басталған екен.

– Мен негізі бала кезімнен мейіргер болуды армандадым. Ата-анам да медицина саласында жұмыс істегенімді қалады, – деп еске алады ол.

Отбасында медицина қызметкерлері болмаса да, ата-анасы қызының таңдауын қолдаған. Ал Найла Нұрсапарқызының өзі басқа мамандық туралы ешқашан ойламағанын айтады.

Еңбек жолының алғашқы жылдары ортопедия бөлімінде өтті. Мұнда ол поста кезекші медбике, гипс және таңу бөлмесінің мейіргері болып жұмыс істеді, реанимация палатасында да қызмет атқарды. Әріптестері әзілдеп оны «әмбебап маман» деп атайды. Өйткені осы жылдар ішінде операциялық бөлімшеден басқа мейіргерлік істің барлық бағытын меңгерген.

Ортопедия бөліміндегі жұмыс физикалық жағынан да, моральдық тұрғыдан да өте ауыр болған.

– Бұрын өте қиын еді. Ауыр жарақат алған адамдар отбасымен бірге жата-тын. Соған қарау моральдық тұрғыдан оңай болмады, – дейді ол.

Соған қарамастан, оның мамандықтан кету туралы ойы бір сәт те болмаған.

– Мен үшін аурухана – екінші үйім,



екінші отбасым», – дейді Найла Нұрсапарқызы.

Қазіргі таңда ол қабылдау бөлімінің мейіргері болып еңбек етеді. Бұл бөлімге ауысуына денсаулық жағдайы себеп болғанымен, мұнда да өз ісінің таптырмас маманы ретінде танылған. Қабылдау бөліміндегі жұмыс үлкен сабырды, төзімділікті және әр адаммен тіл табыса білуді талап етеді. Күн сайын ондаған науқас оның қамқорлығы мен мейірімін сезінеді.

Әріптестері оның жоғары кәсібилігін, жауапкершілігін және қандай жағдайда да сабыр сақтай білетін қасиетін ерекше бағалайды. 40 жылдық еңбек жолында Найла Нұрсапарқызына бірде-бір ескерту жасалмаған.

Ол жоғары біліктілік санатына ие. Семей қаласындағы республикалық медициналық академияда «Наркологияның өзекті мәселелері» циклі бойынша сертификат алған, үнемі білімін жетілдіріп, біліктілігін арттырып отырады. Жарақаттар мен жол-көлік оқиғалары кезінде шұғыл медициналық көмек көрсету алгоритмдерін жетік меңгерген.

Алайда оның ең басты қасиеттерінің бірі – тәлімгер бола білуі. Жас мейіргерлерге Найла Нұрсапарқызы үнемі:

«Медицинаға келдіңдер ме – соңына дейін еңбек етіңдер. Бұл сендердің екінші отбасыларыңа айналады», – деп айтып жүреді.

Ол әріптестерімен де, медициналық колледж студенттерімен де тәжірибесімен бөлісіп, жас мамандардың ортаға бейімделуіне көмектеседі әрі өз үлгісімен жігер береді.

Найла Нұрсапарқызының өмір жолында тек кәсіби жетістіктер ғана емес, өмірдің күрделі кезеңдері де болған. Ол жалғыз өзі қыз тәрбиелеп өсіріп, ауысымдық жұмысты отбасылық жауапкершілікпен қатар алып жүрген.

– «Қызым өз бетімен ерте есейді, ата-анам көмектесті. Бірақ медицина әрқашан толықтай берілуінді талап етеді», – дейді ол.

Бүгінде оның үш немересі бар. Зейнет жасына келгеніне қарамастан, Найла Нұрсапарқызы әлі де еңбек етіп жүр және өзін ауруханасыз елестете алмайды.

Біз барша мейіргерлерді кәсіби мерекелерімен құттықтаймыз! Сіздерге зор денсаулық, әріптестер құрметі, мол күш-қуат пен отбасы амандығын тілейміз. Еңбектеріңіз әрдайым жоғары бағаланып, жасаған жақсылықтарыңыз өздеріңізге жылулық пен ризашылық болып оралсын!

#АГРАРЛЫҚ МАУСЫМ – 2026

Берекелі егіс – мол өнім негізі

✍ Тайыр САПАРҒАЛИЕВ, Айна БӘКІМБАЕВА
📧 Тайыр САПАРҒАЛИЕВ, редакция архивінен

Шығыс Қазақстан облысының агроөнеркәсіптік кешені дамудың елеулі әлеуетіне ие және өңір экономикасының құрылымында дәстүрлі тау-кен өндіру, металлургия, машина жасау және басқа да маңызды салалармен қатар ерекше орын алады.



2026 жылғы жаңа аграрлық маусым қарсаңында көктемгі дала жұмыстарын жүргізуге өңірдің агроөнеркәсіптік кешенінде қандай дайындық жасалғаны туралы газет редакциясына Шығыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасында айтып берді.

ЕГІС ҚҰРЫЛЫМЫ

Мемлекет басшысы, салалық министрлік және облыс әкімдігі қойған мақсаттар мен міндеттерді іске асыру мақсатында өңірдің агроөнеркәсіптік кешенінде егіс алқаптарын әртарапандыру бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Мұнда жоғары табысты, әсіресе экспорттық әлеуеті айқын ауыл шаруашылығы дақылдарына басымдық беріледі.

Басқарма басшысының орынбасары Жаннат Көшерованың айтуынша, 2026 жылы ауыл шаруашылығы дақылдарын жалпы көлемі 629,9 мың гектар алқапқа егу жоспарланып отыр. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 2 пайызға артық.

– Егіс алқаптарының құрылымында дәнді және дәнді-бұршақты дақылдар 248,7 мың гектарды құрайды, – деді ол. – Майлы дақылдарға 246,6 мың гектар, мал азықтық дақылдарға 123,4 мың гектар бөлінеді, картоп 7,2 мың гектарға, ал көкөніс және бақша дақылдары 4 мың гектар алқапқа салынады.

ТЕХНИКА – ДАЛАҒА

Көктемгі дала жұмыстарын уақытылы жүргізу үшін облыс шаруашылықтарында тракторлар, егіс және топырақ өңдеу техникалары жеткілікті.

– Атап айтқанда, 9 276 трактор, 265 егіс кешені, 5 926 топырақ өңдеу техникасы (тырмалар, культиваторлар және тағы басқа), 1 692 сепкіш бар, – деп жалғастырды басқарма басшысының орынбасары. – Қазіргі уақытта егіс және топырақ өңдеу техникалары жұмысқа 100 пайыз дайын, сондай-ақ тіркемелі техниканың да дайындығы толық қамтамасыз етілген.

ЖАНАР-ЖАҒАРМАЙМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

2026 жылғы маусымда көктемгі дала жұмыстарын уақтылы жүргізу үшін Шығыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне 15,1 мың тонна жеңілдетілген дизель отыны бөлінді.

– Бұл өңір аграрийлері үшін айтарлықтай қолдау, – деп атап өтті басқармада. – Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне арналған дизель отынының орташа сату бағасы литріне 281 теңге

деңгейінде бекітілді, бұл нарықтық бағадан шамамен 15 пайызға төмен.

ТҰҚЫМ САПАСЫ ТУРАЛЫ

– Ресми деректерге сәйкес, 2026 жылғы егіс науқанына Шығыс Қазақстан облысына 72 мың тонна тұқым қажет, – деп мәлімдеді Жаннат Көшерова. – Оның 56,8 мың тоннасы дәнді дақылдардың тұқымы, 7,3 мың тоннасы – майлы дақылдар, 2 мың тоннасы – мал азықтық дақылдар, 5,9 мың тоннасы – картоп тұқымы. Өңір аграрийлері тұқыммен 100 пайыз қамтылып отыр.

Облыс шаруашылықтары сапалы тұқымдық материалды жергілікті аттестатталған тұқым шаруашылықтарынан, сондай-ақ облыс және республика көлемінде сенімді, тексерілген тұқым жеткізушілерден сатып алуға.

– «КазАгрЭкс» компаниясының тұқым сапасы жөніндегі есебіне сәйкес, барлығы 73,6 мың тонна тұқым келіп түсіп, тексерілді, бұл 100 пайыз кондициялық тұқым, – деп атап өтті спикер. – Соның 56,3 мың тоннасы (76,5 пайыз) бірінші сыныпты тұқым, екінші сынып – 12,8 мың тонна (17,4 пайыз), үшінші сынып – 4,5 мың тонна (6,1 пайыз).

Тұқым сапасын тексеру қалай жүргізілетіні, тұқымдық материалға және аграрийлерге қойылатын талаптар, сондай-ақ бюджеттік бағдарламаға қандай шарттармен қатысуға болатыны туралы облыстық «КазАгрЭкс» филиалының басшылығы мен мамандары газетіміздің наурыз айындағы сандарының бірінде оқырмандарды жан-жақты таныстырған болатын.

ӨЗ СОРТТАРЫМЫЗ БАСЫМДЫҚҚА ИЕ

Дәнді және майлы дақылдардың тұқымын өндіретін негізгі шаруашылықтар қатарында «Шығыс Қазақстан



ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы» (ШҚАШТС), «Майлы дақылдардың тәжірибелік шаруашылығы», сондай-ақ Глубокое ауданындағы «Майлы дақылдар тұқымдары» кәсіпорны бар екенін айта кеткен жөн.

Шығыс Қазақстан ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясының басшысы Кенжеғазы Тоқтасыновтың айтуынша, ғылыми қызметкерлер мен тәжірибелі өндіріс мамандарынан құралған ұжым көктемгі дала жұмыстары маусымына толық дайындықпен келген.

– Күздік дақылдардың жағдайы жаман емес, олар қар жамылғысының астында қолайлы қыстап шықты, – деді ол. – Күн жылына бастағаннан кейін барлық жерде біркелкі көктеп, қарқынды өсе бастады. Бұл белгілі бір үміт пен сенімділік ұялатады.

ТОПЫРАҚ ҚҰНАРЛЫЛЫҒЫ

Шығыс Қазақстанда ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін арттыру міндеттері мен мақсаттарының өзектілігін ескере отырып, егістік алқаптарына сапалы минералды тыңайтқыштарды енгізу ерекше маңызға ие.

– Қазіргі уақытта облыс аграрийлері отандық минералды тыңайтқыш өндіруші зауыттармен 45 мың тонна тыңайтқыш жеткізуге қажетті келісімшарттар жасасты, – деп хабарлады ШҚО ауыл

елеулі бөлігін өз мойнына алып отыр. Бұл шаралар Шығыс Қазақстан облысындағы перспективалы ауыл шаруашылығы саласында отандық өндірісті ынталандыруға бағытталған.

2026 жылға арналған өсімдік шаруашылығын субсидиялау бағдарламасы аясында облыс бюджетінен жалпы көлемі 3,4 млрд теңге бөлінді. Қаржы ресми анықтамалық және статистикалық деректерге сүйене отырып, төмендегідей нақты бағыттарға бөлініп отыр.

– Тұқым шаруашылығын қолдауға 1,12 млрд теңге бөлінді, – дейді Жаннат Көшерова. – Минералды тыңайтқыштар сатып алуға – 1,65 млрд теңге, пестицидтер алуға – 0,62 млрд теңге, ал суару суын жеткізу қызметтерінің құнын субсидиялауға – 0,016 млрд теңге қарастырылған.

Өз тұқымын өндірудің, топырақ құнарлылығын қалпына келтірудің, егістік алқаптарын арамшөптерден, зиянкестер мен аурулардан қорғау үшін химиялық өңдеу жүргізудің қаншалықты маңызды екенін айтпасақ та, түсінікті.

Сонымен қатар, суару суын жеткізу қызметтерінің құнын субсидиялау облыста суармалы егіншілікті дамыту тұрғысынан ерекше маңызға ие. Бұл өз кезегінде қолайсыз ауа райы жағдайларында да тұрақты әрі жоғары өнім алуға мүмкіндік береді.



шаруашылығы басқармасында. – Соның ішінде бүгінгі күнге дейін 24,7 мың тонна тыңайтқыш жеткізілді.

Жыл сайын топырақты қоректендіру технологиясы жетілдіріліп келеді. Атап айтқанда, сұйық минералды тыңайтқыштарды өсімдіктің тамыр жүйесіне тікелей енгізудің заманауи әдісі қолданылуда. Бұл тәсіл дәлдікке, үнемділікке және жоғары тиімділікке қол жеткізуге мүмкіндік береді.

СУБСИДИЯЛАР – ҚОЛДАУ ҚҰРАЛЫ

Мемлекет еліміздің аграрийлеріне атаулы қолдау көрсетуден шет қалмай, нысаналы субсидиялар бөлу тетігі арқылы олардың негізгі шығындарының

ҚАРЖЫЛЫҚ ҚОЛДАУ

Республиканың агроөнеркәсіптік кешеніне жыл сайын түрлі даму институттары айтарлықтай қолдау көрсетіп келеді. Олар сұранысқа ие қаржылық инвестициялар мен техникалық лизинг тетіктерін тиімді түрде жүзеге асырып отыр.

– «Аграрлық несие корпорациясының» Шығыс Қазақстан облыстық филиалының мәліметіне сәйкес, 2026 жылғы көктемгі дала жұмыстарын табысты жүргізу үшін «Кең дала 2» бағдарламасы аясында, 2025 жылдың қазан айынан бүгінгі күнге дейін өңірдің ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің 97 өтінімі қаралып, жалпы сомасы 10 млрд теңгенің несиесі берілді. Ал «ҚазАгроФинанс» Шығыс Қазақстан облыстық филиалының ақпаратына сәйкес, 2026 жылдың басынан бері өңір аграрийлеріне 4,5 млрд теңгенің көктемгі дала жұмыстарында пайдалануға арналған 129 әртүрлі ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдығы лизингке берілді, – деп қорытындылады Жаннат Көшерова.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары атап өткендей, қолда бар материалдық-техникалық база, қаржылық ресурстар, кадрлық әлеует, ғылыми-тәжірибелік қамтамасыз ету және жан-жақты дайындық өңіріміздің аграрийлеріне 2026 жылғы егіс науқанын уақытылы әрі сапалы өткізуге және тиісті өнім алуға толық мүмкіндік береді.

#ТАҒДЫР

Хабарсыз кеткен майдангердің қаза тапқан жері анықталды



✍ Тайыр САПАРҒАЛИЕВ, Ержан ӘБІШ
📷 Айдар Әбілмәжіновтің жеке мұрағатынан

Өскемен қаласының тарих мұғалімі Айдар Әбілмәжінов көпжылдық табанды ізденісінің нәтижесінде Екінші дүниежүзілік соғыс жылдары ұзақ уақыт бойы хабар-ошарсыз кеткен деп саналған туған атасы Әбілмәжін Байболовтың қаза тапқан жерін ресми түрде анықтады.



Майдангердің жасы кемелденген немересі редакцияға келгенде өз сөзінің ақиқаттығын бұлтартпас дәлелдейтін ресми құжаттарды ұсынды. Мұндай жағдайда архив деректері мен жазбалары барынша қатаң, қысқа әрі нақты тілмен сөйлейтіні белгілі.

Айдар Әбілмәжіновтің атына жолданған пошта конвертінде Ресей қорғаныс министрлігінің орталық архиві ресми жіберуші ретінде көрсетілген. Онда 2023 жылғы 30 наурыздағы №11/120952 тіркеу нөмірімен берілген архивтік анықтама бар. Оның мазмұны жайында кейіпкеріміз әңгімелеп берді.

– Архивтік анықтамада біз үшін аса маңызды мынадай мәліметтер көрсетілген. Оны бастапқы қалпын сақтай отырып толық оқуын, – деді Айдар Әбілмәжінов: – «Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі Қызыл Армия сержанттары мен сарбаздарының қайтарымсыз шығындарын есепке алу құжаттарына сәйкес 41-ші атқыштар дивизиясының 139-шы атқыштар полкінің мергені, ефрейтор Байболов Әбілмәжін, 1904 жылы туған, Күршім ауданы Маралды ауылдық кеңесі Алтай колхозының тумасы, 1942 жылдың тамыз айында Күршім аудандық әскери комиссариаты арқылы шақырылған, 1943 жылғы 1 наурызда жарақаттан қайтыс болған, Орлов облысындағы Красный пахарь ауылына жерленген. Байболовтың жұбайы Хакен (Чакен) Күршім ауданы, Маралды ауылдық кеңесінде тұрған. Жерленген орнын нақтылау және қабірінің сақталу жайын білу үшін Орлов облысының әскери комиссариатына жүгінуіңізді сұраймыз».

Осылайша, Екінші дүниежүзілік соғыс тарихының бұрын беймәлім болып келген тағы бір беті ашылды. Хабар-ошарсыз кеткен тағы бір жауынгердің есімі ұмыт қалмай, қайта оралды. Ол алған жарақатынан қаза тапқан екен.

«ІЗІН ТАПТЫҚ»

Майдангер туыстарының айтуынша, ұзақ уақыт бойы архивтерге жолданған сұраулар мен іздеулер нәтиже бермеген. Себебі жаралы жауынгерді ұрыс даласынан өз бөлімшесі емес, басқа санитарлық бөлім алып кеткен. Сондықтан қажетті есептік және ілеспе құжаттар болмаған, ал олар жаралы Әбілмәжіннің

кейінгі тағдырын, майдан шебінен әкелгеннен кейін госпитальға не дала медициналық бөліміне түскен-түспегенін анықтауға мүмкіндік берер еді. Қалай болғанда да, жауынгердің ізі көрші әскери бөлімнің санитарларының арқасында табылды. Олар сарбаздарды өзіміздікі-өзгенікі деп бөлмей, бәріне бірдей көмек көрсетіп, ажалдан арашалап, көбіне оқ астында жүріп тылға алып шыққан.


– Енді біз атамыз Әбілмәжін атамыздың хабарсыз кетпегенін нақты білеміз. Ол соңғы демі қалғанша өз қаруластарымен бірге қорғаған, із-түзсіз жоғалған жоқ, – дейді Айдар Әбілмәжінов. – Ол қасиетті жауынгерлік борышын соңына дейін орындады. Бүгінгі Ресейдің Орлов облысында мәңгілік тыныс тапқан. Мүмкіндік туған кезде сол жерге барып, бір уыс топырағын алуды ойлап жүрміз. Алайда архив анықтамасында көрсетілген атаумен бірнеше елді мекен бар болғандықтан, нақты қабірін табу оңай болмайын деп тұр.

ЛАТЫН ҚАРПИМЕН ЖАЗЫЛҒАН ҚҰЖАТ

Майдангердің ұрпақтары үлкен құрметпен атасының ескірген төлқұжатын сақтап қалыпты. Ол латын қарпімен және орыс тілінде толтырылған. Құжатта Байболов Әбілмәжіннің 1904 жылы Күршім ауданында туғаны (нақты жері анық оқылмайды), ал тұрақты мекені ретінде Күршім ауданының Кумашкино ауылы көрсетілген.

– Осы төлқұжатты мысалға келтіріп, әсіресе қазіргі оқушыларға халқымыз үшін латын әліпбиін қолдану жаңалық емес екенін айтып жүрміз, – дейді Айдар Әбілмәжінов. – Өткен ғасырдың басында бұл қалыпты жағдай болған. Бүгінде сол әріптерді оқу аса қиындық туындамайды.

Жеке басты куәландыратын құжаттың сегізінші бетіндегі «Төлқұжат иесінің



құжатына енгізілген адамдар» бөлімінде майдангердің көмелетке толмаған балалары анық жазылған: қызы Байболова Рахила және ұлы Байболов Сейілғұмар, тиісінше 1931 және 1938 жылы туған.

– Әкеміз Ермек Байболов ол құжатқа енгізілмеген, өйткені ол кезде әлі дүниеге келмеген еді, – деп түсіндіреді Айдар Әбілмәжінов. – Ол әкесі, яғни біздің туған атамыз соғысқа аттанғаннан кейін өмірге келген. Оның үстіне Әбілмәжін Байболов ауылдық кеңестің қызметкері болғандықтан, майданға шақырылудан босататын броньға ие еді. Соған қарамастан өзі ерікті болып Отан қорғауға кеткен.

Бұрынғы Кумашкино ауылы кейін Бұқтырма электр станциясы салынған соң су астында қалған. Оның бұрынғы орны терең судың астында жатыр. Бүгінгі ұрпақ мұны білмеуі мүмкін, бірақ сол жерде өмір сүрген адамдардың ізі мен есімі ешқашан жоғалмауға тиіс.

МАЙДАННАН КЕЛГЕН ХАТ

Отбасында сақталған тағы бір қымбат мұра – сарғайған майдан хаты. Ол бүгінде жақсы сақталуы үшін екі жағынан ламинатталған.

– Хат қарапайым графит қарындашпен сызықты қағаздың екі бетіне де жазылған, – дейді Айдар Әбілмәжінов. – Ол дәптердің ортасынан жұлынып алынған қос бетке ұқсайды.

Бұл жолы төлқұжаттағыдай емес, хатта автор кириллицаны пайдаланған. Сондықтан оның мазмұнын кез келген адам оқып, түсіне алады.

Уақыт әсерінен жұқарып кеткен сарғыш парақтарда қарындаш ізі кей жерлерде, әсіресе бүктелген тұстарында өше бастағанымен, хаттың негізгі мәтіні мен мағынасы анық оқылады.

– Хаттың ең соңында дала поштасының нөмірі көрсетілген. Біз бұрын сұраулар жолдағанда соған сүйендік, – дейді Айдар Әбілмәжінов. – Отбасы жауынгер үшін алаңдаса, ол өзі жау оғының астында жүріп, өзін емес, асыраушысынан айырылып қалған отбасын ойлаған. Туыстарын жұбатып, өзінде бәрі жақсы екенін, көңіл күйі көтеріңкі екенін, денсаулығына шағымы жоқтығын, тамақ пен киімнен таршылық көрмегенін жазып, өзгелерге де соны тілеген.

ТАҒДЫР ЖІБІ

Майдангер немересінің айтуынша, дәл осы хат ақыр соңында туған адамдарының ізіне түсуге көмектескен маңызды деректердің бірі болды. Осы тұста сауатты, білімді болудың пайдасы еріксіз ойға оралады. Адам өзінен кейін жер бетінде болғанын айғақтайтын жазба қалдырса, ол болашақ іздеушілер үшін кілтке айналады.

– Хатта атамыз Әбілмәжін қасында Күршім ауданы Маралды ауылынан жерлесі бар екенін жазады. Болжам бойынша оның есімі Кесікбаев Кәмибай болуы мүмкін (кейбір әріптері анық емес), – дейді майдангердің немересі. – Атасы арқылы оның отбасының жағдайын, аман-есендігін сұрайды. Бұл да сол жерлестің туыстары үшін бір із болуы ықтимал.

Жалпы, майдангердің түп-тамыры сол өңірден тарайды. Айдар Әбілмәжіновтің өзі де Маралды ауылында туған. Төрт жасында әкесі Ермек Әбілмәжін-ұлы Байболов отбасын Күршім ауданындағы бұрынғы Будённовка ауылына (қазіргі Тасқайың) көшірген. Ол жерде көп жыл мұғалім, кейін мектеп директоры болып еңбек еткен.

Әкесінің жолын қуып, тарих пәнінің мұғалімі болған Айдар Әбілмәжіновке осы мамандық атасының тағдыр жібінің ұшын тауып, оның күрделі өмір жолын кезең-кезеңмен тарқатуға көмектесті. Немересінің айтуынша, бұл – отбасы тарихының соңы емес, тек бастамасы ғана. Ал бұл өз алдына бөлек мақалаға арқау боларлық әңгіме.



Табиғат пен туризм тоғысқан өңір

✍ Айна ЕСКЕНҚЫЗЫ
📷 Махаббат АХМЕТЖАНОВА

Облыста туризм саласы соңғы жылдары өңір экономикасының маңызды драйверіне айналып келеді. 2025 жылдың қорытындысы бойынша туристер саны 446,8 мың адамға жетіп, өткен жылмен салыстырғанда 4,4%-ға артты. Оның басым бөлігі — отандық туристер (428,8 мың), сонымен қатар 18 мың адам — шетелдік қонақ.

Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында өткен брифингте ШҚО туризм басқармасы басшысының орынбасары Ирина Смит аймақ туризмінің 2026 жылдардағы перспективаларына тоқталды.

Спикер атап өткендей, табиғи және тарихи нысандарымен ерекшеленетін біздің өңірдің туристік әлеуеті жоғары. Солардың қатарында Катонқарағай ұлттық паркі, Рахман қайнары, Берел қорымы, Марқакөл көлі, Зайсан көлі,

ТУРИСТІК БАҒЫТТАҒЫ ЖОЛДАРДЫ ЖӨНДЕУ ЖАЛҒАСУДА

Өңірде туризмді дамыту тек табиғи әлеуетпен ғана емес, сонымен қатар инфрақұрылымды жүйелі түрде жаңғыртумен де тығыз байланысты. Соңғы жылдары бұл бағытта нақты нәтижелер байқалып отыр: туристік нысандарға апаратын жолдар жөнделіп, жаңа бағыттар ашылып, қолжетімділік артуда.

2025 жылы өңірде туристік маршруттарды дамыту аясында 170 шақырым автомобиль жолы жөнделді. Бұл — демалушылар үшін қолайлы жағдай жасап қана қоймай, шалғайдағы көрікті орындардың тартымдылығын арттыруға мүмкіндік берді. Атап айтқанда, Сібе көлдеріне апаратын жолдар жаңартылып, жағажай аумақтары абаттандырылуда. Сонымен қатар, келушілерге ыңғайлы болу үшін тұрақтар мен демалыс аймақтары да кезең-кезеңімен ретке келтіріліп жатыр.

Биыл бұл жұмыстар жалғасын табады. Туристік бағыттар бойынша 100

уақытта инвестор тарту мәселесі қарастырылуда.

Бұдан бөлек, өңір үшін стратегиялық маңызы зор жобалардың бірі — Қытаймен шекаралас «Қанас — Марқакөл» халықаралық туристік маршрутын іске қосу. Бұл бастама жүзеге асқан жағдайда Шығыс Қазақстанның туристік ағыны айтарлықтай артып, халықаралық деңгейдегі жаңа мүмкіндіктерге жол ашылады.

Жалпы, жол және көлік инфрақұрылымын дамытуға бағытталған бұл жұмыстар өңір туризмін жаңа деңгейге көтеруге ықпал етуде. Қолжетімді әрі сапалы жолдар — туристер үшін басты талаптардың бірі. Осы тұрғыда облыста атқарылып жатқан жобалар өңірдің тартымдылығын арттырып, экономиканың маңызды саласының бірі — туризмнің дамуына серпін беретіні сөзсіз. Инфрақұрылымды жақсарту да назардан тыс қалған жоқ. Туристік бағыттардағы жолдар жөнделіп, жаңа маршруттар ашылуда.

БЕС ЖҰЛДЫЗДЫ HILTON ҚОНАҚ ҮЙІ САЛЫНАДЫ

— Өңірдегі алғашқы бес жұлдызды қонақ үйі Өскемен қаласында салынбақ. Жоба шамамен 2028 жылға дейін аяқталады деп күтілуде. Осындай жоғары деңгейдегі отельдің құрылысына рұхсат алу оңай болған жоқ. Қазір конкурстық құжаттар рәсімделді, мамыр айында мемлекеттік сараптаманы аламыз. Содан кейін қонақ үйдің құрылысы басталады, — деп түсіндірді Ирина Смит.

Өңірдегі туризмді дамытуға бағытталған инвестициялық жобалардың жүзеге асуына келсек, 2025 жылы Алтай қаласындағы «Достық» қонақ үй-мейрамхана кешені, Катонқарағай ауылындағы «Баян» қонақ үйін реконструкциялау, «Берлог» отелін реконструкциялау, «Бейбарыс» және «Motel» қонақ үйлерін салу сияқты жобалар аяқталды.

Сондай-ақ «Риддер Резорт» нысанын реконструкциялау, «Приморск» демалыс базасын кеңейту, «Заречье» эко-отелін кеңейту, «Веллнесс Резорт» санаторий-сауықтыру кешенін салу көзделген.

2026 жылы сондай-ақ 17 өтінім бойынша санитарлық-гигиеналық тораптарды субсидиялау жүзеге асырылуда. Бұл тек қана жол бойындағы әжетханалар емес, ішінде ыстық-суық суы бар, жуынуға ыңғайлы нысандар. Бұл жердегі басты мәселе — тораптардың бір бөлігі жергілікті әкімдік тарапынан салынса, енді бір бөлігі «ҚазАвтоЖолдың» меншігінде болғандықтан, оларды күтіп, ұстап тұруға жеке инвесторларды тарту. Алайда бұл бағытта да жұмыстар жүріп жатыр.

Цифрландыру бағытында туристік нысандарды интернетпен қамту жұмыстары жүргізілуде. Қазіргі таңда локациялардың шамамен 70%-ында байланыс бар, ал шалғай аймақтарда спутниктік технологиялар енгізу жоспарланған.

— Қолжетімділігі қиын табиғи және ерекше қорғалатын аумақтарда балалары шешімдер қарастырылуда, оның ішінде Starlink спутниктік терминалдарын орнату, сондай-ақ УАНБЕБ жалпы қолжетімділік нүктелерін ұйымдастыру бар. Бұл әсіресе Катонқарағай ұлттық паркі, Сібе көлдері, Рахман қайнары, Риддер тау кластері, Қиын-Керіш және басқа да шалғай туристік нысандар үшін өзекті, — деді спикер.

Жалпы алғанда, өңірде туризм тек демалыс саласы ғана емес, сонымен қатар экономиканы әртарапандырудың, жаңа жұмыс орындарын құрудың және өңірдің инвестициялық тартымдылығын арттырудың маңызды құралына айналып отыр. 2026 жылғы басты мақсат — туристер санын көбейту ғана емес, олардың сапалы әрі қауіпсіз демалысын қамтамасыз ету.

#ӘЛЕУМЕТ

Сартеректе жаңа дәріхана ашылды

✍ Дәурен АЛЛАБЕРГЕНҰЛЫ

Жеңіс күніне орай Зайсан қаласындағы «Батырлар алаңында» салтанатты жиын өтті. Сұрапыл соғыста ерлік көрсеткен жерлес майдангерлерді еске алуға арналған тағлымды шараға аудан басшылығы мен күштік құрылым өкілдері қатысты.

Салтанатты жиында аудан әкімі Аэлига Ахметсәлімқызы зайсандықтарды және аудан қонақтарын Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 81 жылдығымен құттықтады.

Мерекелік шараға шекарашылар, полиция қызметкерлері, мектеп оқушылары мен ардагерлер қатысып, осынау бейбіт күнді сыйлаған ардагерлер рухына тағзым жасады.

Жеңіс күнінде жиналған зайсандықтар аудан орталығында орналасқан мемориал-ескерткішке гүл шоқтарын қойып, құрмет көрсетті. Сонымен бірге аудандық өнерпаздар мен мектеп оқушыларының мерекелік қойылымдарын тамашалады.

— Еліміз тыныш, аспанымыз ашық болсын. Бейбіт күннің қадірін білейік. Баршаңызды Жеңістің 81 жылдығымен құттықтаймын, — деді мерекелік жиында аудандық Қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің басшысы Азамат Тоқтарханұлы.

Жеңіс мерекесі қарсаңында аудандағы 85 тыл ардагерлеріне құрмет жасалып, сыйлықтар тапсырылды, әлеуметтік қолдау көрсетілді.

Сондай-ақ, ауданда Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 81 жылдығына арналып «Ауыл намысы — ел намысы» атты ауыл командалары арасында облыстық волейбол турнирі өтті. Аталған жарыс аудан спортшыларының ұйымдастыруымен жүзеге асырылды. Турнирдің басты мақсаты — Ұлы Жеңіс қаһармандарының ерлігін ұлықтау, жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттау және ауыл спортын дамыту болды.

Мереке аясында тыл ардагерлеріне құрмет пен қошемет шаралары ауданның барлық ауылдық округтерінде өткізілді.

Жеңіс мерекесінде Зайсан ауданына қарасты Сартерек ауылдық округінде халықты қажетті дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге бағытталған пилоттық жоба аясында жаңа дәріхана пайдалануға берілді.

Айта кетерлігі, мұндай әлеуметтік дәріхана облыстың ауылдық елді мекендерінде алғаш рет ашылып отыр. Мұнда амбулаториялық деңгейде белгілі бір аурулары бар және тиісті санатқа жататын азаматтарға тегін дәрі-дәрмектер беріледі. Олар міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру және кепілдендірілген тегін медициналық көмек аясында ұсынылмақ.

Шекарадағы ауыл халқы үшін маңызды нысанның ашылу рәсіміне аудан әкімінің орынбасары Ермек Ерланұлы, аудандық мәслихат төрағасы Еркебұлан Серікұлы, «Amanat» партиясы аудандық филиалының төрағасы Болатбек Балғабәев қатысты.

Жиында спикерлер жобаның ауыл тұрғындары үшін маңыздылығына тоқталып, бұл бастама шалғай ауылдардағы медициналық қызмет сапасын жақсартуға үлкен мүмкіндік беретінін атады.

Мерекелік шара барысында Сартерек мәдениет үйінің өнерпаздары жиналған қауымға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Ал жаңа нысанның лентасын ауылдық ақсақалдар алқасының төрағасы Мырзабек Нұрбаев пен аудан әкімінің орынбасары Ермек Ерланұлы қиды.

— Жоба аясында алдағы уақытта Зайсан ауданының өзге де ауылдарында осындай заманауи дәріханалар ашу жоспарланып отыр. Енді Сартерек ауылының тұрғындары қажетті дәрі-дәрмектерді алу үшін аудан орталығына сабылмай, өз ауылынан-ақ қол жеткізе алады, — деді Зайсан аудандық орталық ауруханасының бас дәрігері Мадина Мырзабекқызы.



Қиын-Керіш шатқалы және Сібе көлдері бар. Бұл нысандар экологиялық, сауықтыру және мәдени туризм бағыттарын дамытуға кең мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда туристерді орналастыру бойынша Шығыс Қазақстан республикада көш бастап тұр. Өңірде бір мезетте 412 саяхатшыны орынмен қамтуға болады. Қонақ үйлер мен демалыс базаларының жалпы сыйымдылығы 21 737 төсек-орынды құрайды. Туристік қызмет көлемі 9,8 млрд теңгеге жетіп, 24%-ға өсті. Ал салаға тартылған инвестициялар 21,6 млрд теңгені құрап, айтарлықтай серпін көрсетті.

— 2026 жылы туризмді дамыту бірнеше негізгі бағыт бойынша жалғасады. Соның бірі — «Visit East Kazakhstan» бірыңғай басқару ұйымын құру. Бұл құрылым туристік бағыттарды жүйелі түрде дамытуға, өңірді халықаралық деңгейде ілгерілетуге және цифрлық сервистерді енгізуге мүмкіндік береді, — деп атап өтті Ирина Смит.

Екінші бағыт — туристік кластерлерді дамыту. Мысалы, Катонқарағай — Үлкен Нарын аймағы wellness және экотуризм орталығы ретінде дамытылады. Ал Риддер мен Алтай өңірлері тау шаңғысы мен белсенді демалысқа бағытталса, Зайсан мен Марқакөл экологиялық туризмнің негізгі нүктесіне айналмақ. Өскемен, Ұлан және Глубокое аудандарын демалыс күндеріндегі жыл бойғы дестинация ретінде біріктіретін «Қала-Тау-Көлдер» кластері қалыптасып келеді.

шақырымнан астам жолды жөндеу жоспарланған. Бұл өңірдегі негізгі демалыс орындарына қатынауды жеңілдетіп, ішкі туризмнің дамуына серпін бермек.

— Жол инфрақұрылымын жақсарту Сібе көлдері бағытында да қарқынды жүргізілуде. Қазіргі таңда «Васильевка — Бозанбай» және «Васильевка — Бозанбай — Алғабас — Тарғын» бағыттарындағы жолдар жөнделіп жатыр. Ал Шалқар көліне апаратын муниципалдық жағажай маңында 600 метр асфальт төселіп, 100 көлікке арналған автотұрақ жабдықталған. Бұл — демалушылар үшін жайлы жағдай жасаудың нақты көрінісі, — деді Ирина Федоровна.

Сонымен қатар, ірі инфрақұрылымдық жобалардың бірі — Катонқарағай ауданындағы Ақ Берел өзені арқылы өтетін көпірді реконструкциялау. Өткен жылы су бөлігінде үш тіреуіш орнату жұмыстары аяқталса, биыл тағы екі тіреуіш орнату жоспарланып отыр. Бұл көпір өңірдің туристік әлеуетін арттыруда маңызды рөл атқарады, себебі ол бірқатар көрікті бағыттарға жол ашады.

Тағы бір маңызды жоба — «Рахман қайнары» санаторийіне апаратын жолды жөндеу. 2025 жылы Берел ауылынан санаторийге дейінгі ұзындығы 13 шақырым болатын республикалық маңызы бар жолға орташа жөндеу жұмыстары басталды. Бұл бағыт — шипажай туризмнің дамуына негіз болатын басты инфрақұрылымдық желілердің бірі. Дегенмен, нысанның нақты мәртебесі әлі де пысықталу үстінде, қазіргі

#ПОЭЗИЯ

«Жанат оқулары» жас дарындарды қанаттандырды

Пушкин атындағы облыстық кітапхана нағыз руханияттың ордасына айналды. Мұнда ақын, филология ғылымының докторы, профессор, Жазушылар одағының мүшесі, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, еңбек сіңірген қайраткер Жанат Әскербекқызының 60 жылдық мерейтойына арналған «Жанат оқулары» облыстық байқауы өтті. Бұл кезекті мерейтойлық шара емес, тұтас бір әдеби құбылысты, жерлес ақын шығармашылығының жас ұрпаққа ықпалын айқындаған мазмұнды кездесу болды.

Тарбағатай ауданының Қарасу ауылында дүниеге келген Жанат Әскербекқызы – Қазақ мемлекеттік университеті филология факультетінің түлегі. Ол 1995-2000 жылдары Шығыс Қазақстан университетінің қазақ әдебиеті кафедрасында оқытушы болған. Ал 2000 жылдан бері Еуразия ұлттық университетінде ұстаздық қызмет атқарып келеді.

Қазіргі цифрлану дәуірінде кітап пен поэзияға деген қызығушылықтың бәсеңдеуі – жиі айтылатын мәселе. Алайда дәл осындай байқаулар сол пікірдің біржақты екенін дәлелдейді. «Жанат оқулары» – жас буынның сөз өнеріне деген ықыласын оятып қана қоймай, көркем мәтінді сезіну, жеткізу мәдениетін қалыптастыратын маңызды алаң.

Байқаудың басты мақсаты

Жанат Әскербекқызы шығармашылығын кеңінен насихаттау, жастардың әдебиетке қызығушылығын арттыру және дарынды өрендерге қолдау көрсету болды. Осы міндеттер толыққанды жүзеге асты деуге негіз бар. Өйткені облыстың түкпір-түкпірінен келген мектеп оқушылары, колледж және жоғары оқу орындарының студенттері ақын өлеңдерін жатқа мәнерлеп оқып, сөз өнеріндегі өз мүмкіндіктерін паш етті.

Сахнада тек жатталған мәтін емес, әр қатысушының ішкі толғанысы, өлеңмен үндескен жан дүниесі көрінді. Жас оқырмандар ақын жырларындағы нәзік лириканы, ұлттық рухты, адам жанының терең иірімдерін жеткізуге тырысты. Бұл поэзияның жанды өнер екенін, оның әр оқырман жүрегінде жаңаша жаңғыратынын көр-

сеткен сәттер болды.

Шара барысында Жанат Әскербекқызы өлеңдеріне жазылған әндер шырқалып, жас өнерпаздар сахнаны жандандыра түсті. Осылайша әдебиет пен музыка үндесіп, көрерменге ерекше әсер сыйлады.

Байқау қорытындысы бойынша үздіктер анықталып, лайықты марапатқа ие болды. Бас жүлдені Зайсан ауданындағы Шілікті орта мектебінің оқушысы Жібек Маратбек иеленіп, 100 мың теңге мөлшеріндегі сыйақыға қол жеткізді. Бірінші орынды Ұлан ауданының Қасым Қайсенов кентіндегі орта мектептің оқушысы Әйгерім Еренхан (70 мың теңге) иеленді. Екінші орын (әрқайсысы 50 мың теңге) Абай атындағы гуманитарлық колледждің студенті Ділназ Қибадатова мен Ұлан ауданынан келген оқушы Ахметжан Аманжолға табысталды. Үшінші орын (40 мың теңгеден) Жамбыл атындағы облыстық мектеп-гимназияның оқушысы Кәмшат Мамырбек пен Абай атындағы Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжінің студенті Асылдай Оралтаеваға берілді. Сондай-ақ арнайы аталымдар да өз иелерін тапты, Жанат Әскербекқызы атындағы жүл-



де Шолпан Қадылбековаға, «Көркемсөз оқу шебері» номинациясы Еркеназ Сейітмұқашқа, «Көрермен көзайымы» номинациясы Балнұр Болатқызына бұйырды.

Бұл байқаудың тағы бір маңызды қыры – демеушілік пен жанашырлықтың көрінісі. Іс-шараға жерлесі Дарын Сағдолдин, ақынның әкесі Әскербек Аймұхамбетов және озат шәкірті Амангелді Ошақов қаржылай қолдау көрсетіп, руханиятқа деген шынайы жанашырлықтың белгісін танытты.

«Жанат оқулары» – жай ғана байқау емес, әдебиет арқылы тұлға тәрбиелеудің тиімді моделі. Мұндай жобалар бірнеше маңызды міндетті қатар атқарады, атап айтсақ ұлттық әдеби мұраны жаңғыртады, жас ұрпақтың эстетикалық талғамын қалыптастырады,

сахна мәдениеті мен тіл тазалығын дамытады, дарынды жастарды анықтап, қолдайды. Ең бастысы – бұл шаралар поэзияны оқулық шеңберінен шығарып, жанды, әсерлі, заманауи өнер ретінде қайта танытады, – дейді іс-шараны ұйымдастырушылар.

Түйіндер болсақ, бүгінгі таңда руханиятты сақтау мен дамыту – қоғам алдындағы басты міндеттердің бірі. Осы тұрғыдан алғанда «Жанат оқулары» облыстық байқауы – өңірдегі әдеби өмірдің айшықты көрінісі. Ол жас таланттардың қанатын қатайтып қана қоймай, қазақ поэзиясының өміршеңдігін дәлелдеген маңызды мәдени оқиғаға айналды.

Поэзияға құрмет бар жерде руханияттың тамыры тереңдей берері анық.

#ӘДЕБИ КЕШ

Қарасөздің қас жүйрігі – Қабдештің мұрасы ұлықталды

Қазақ сөз өнерінің қуатын танытып, тарих пен тағдырды көркем тілмен өрнектеген Қабдеш Жұмаділовтің мұрасы тағы бір мәрте оқырман назарына аударды. Пушкин атындағы облыстық кітапханада өткен «Қарасөздің қас жүйрігі» атты әдеби кеште қаламгер шығармалары жаңаша зерделеніп, ұлттық әдебиетке тағзым жасалды.



Тағылымды шара биылғы «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы аясында ұйымдастырылып, осы жылы жалпыхалықтық оқуға таңдалған жазушының «Тағдыр» романын кеңінен насихаттауды мақсат етті.

Қабдеш Жұмаділов – қазақ әдебиетінің алып тұлғаларының бірі, Қазақстанның халық жазушысы, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты. Қаламгер өз шығарма-

ларында ұлт тағдырын, ел бірлігін, жер мен рух мәселесін терең толғап, тарихи тақырыптарды көркемдік биікке көтерді. Оның «Соңғы көш», «Тағдыр», «Дарабоз» романдары қазақ тарихының көркем шежіресіне айналды.

Кеш барысында әдебиет пен тарихтың тоғысқан тұсындағы қаламгер мұрасы жан-жақты сараланып, шығармаларындағы ұлттық сана, ел тарихы, рухани

құндылықтар жөнінде мазмұнды пікір алмасу өрбіді.

Кітапхана қызметкерлері жазушының өз шаңырағында түсірілген сұхбатынан үзінді ұсынып, көрерменге қаламгердің тұлғалық болмысын, ой әлемін және шығармашылық ұстанымын тереңірек тануға мүмкіндік берді.

Кітапхана жанындағы «Ой-сана» клубының мүшелері романға заманауи тұрғыдан талдау жасап, тарихи шешімдер мен кейіпкерлер тағдырын бүгінгі заман биігінен бағамдады. Жастардың ойлы пікірі мен тың көзқарасы кеш мазмұнын байыта түсті.

Шара барысында романнан әсерлі үзінділер оқылып, кейіпкерлердің ішкі жан дүниесі мен елдік рухты айшықтайтын көркем тұстар көпшілік назарына ұсынылды. Сонымен қатар кештің тартымдылығын арттыру мақсатында интерактивті ойындар ұйымдастырылып, оқырмандар белсенділік танытты.

Адам жанын байытып, санаға сәуле құятын бұл кеш жай ғана жиын емес, пікірлер тоғысқан рухани басқосу болды.

#МЕРЕЙТОЙ

Жамбылдың жалынды жырлары Өскемен аспанында қалықтады



Жыр алыбы Жамбылдың есімі уақыт өткен сайын биіктеп келеді. Биыл ақынның туғанына 180 жыл толуына орай еліміздің түкпір-түкпірінде тағылымды шаралар ұйымдастырылуда. Солардың бірі – Өскемендегі Жамбыл саябағында өткен «Жыр алабы – Жамбыл» атты әдеби ревью.

Жамбыл ескерткіші жанында ұйымдастырылған рухани кешке қала тұрғындары, жастар, әдебиетсүйер қауым жиналды. Табиғат аясында өткен әдеби шарада ұлттық поэзияның құдіреті сезіліп, жыр әлемінің тереңдігі кеңінен насихатталды.

Кештің басты мақсаты Жамбылдың жас ұрпаққа дәріптеу, қазақ поэзиясына деген қызығушылықты

арттыру, ұлттық рух пен отансүйгіштік құндылықтарды насихаттау болды. Ұйымдастырушылардың айтуынша, ақын мұрасын тек еске алу емес, оны бүгінгі ұрпақтың санасына жаңаша жеткізу маңызды.

Әдеби ревью барысында жүргізушілер ақынның өмір жолы мен шығармашылығына тоқталып, оның қазақ поэзиясындағы орны туралы мазмұнды мәліметтер ұсынды. Әсіресе Жамбылдың ақындық жолына бағыт берген Сүйінбай Аронұлы жайлы айтылып, жыршылық дәстүрдің сабақтастығы сөз болды. Кештің әсерлі сәті Жамбыл өлеңдерінің мәнерлеп оқылуы болды. Жас өнерпаздар ақын жырларынан үзінділер оқып, көрерменге рухани әсер сыйлады. Әсіресе домбыра үнімен ілесе оқылған өлеңдер кеш мазмұнын тереңдетте түсті. Сонымен қатар

шара аясында жас ақындар айтысы ұйымдастырылды. Жастар суырыпсалма өнердің көркем үлгісін көрсетуге тырысты. Көрермен қауым ақындардың тапқырлығы мен сөз саптау шеберлігіне тәнті болды.

Кеште Жамбылдың соғыс жылдарындағы шығармашылығына ерекше назар аударылды. Ақынның жауынгерлерге рух берген жалынды жырлары оқылып, сол кезеңдегі ел бірлігі мен ерлік рухы дәріптелді. «Ленинградтық өренім» өлеңінің тарихи маңызы да айтылды.

Әдеби шара тек сахналық бағдарламамен шектелген жоқ. Саябақ аумағында Жамбыл шығармашылығына арналған кітап көрмесі ұйымдастырылып, ақын кітаптары мен зерттеу еңбектері көпшілік назарына ұсынылды. Сонымен бірге тұрғындарға арналған поэтикалық квест өткізіліп, қатысушылар шығармашылық тапсырмалар орындады.

Әдеби ревью ұлттық әдебиетті ұлықтаған, жыр құдіретін дәріптеген мазмұнды мәдени шара болды. Жамбыл поэзиясы тағы бір мәрте адақталып, кешке жиналған қауым рухани әсермен тарқаты.

Бетті әзірлеген –
Ержан КЕҢЕСҰЛЫ

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қоғамдық тыңдаулар ашық отырыс нысанында өткізіледі:

«ГРК «Бай-Су» ЖШС үшін, «М-44-107-(10д-56-15,20), М-44-107-(10е-5а-12,16,17,18,22,23), М-44-107-(10е-5в-2,3,4,8) блоктарындағы ҚПҚ барлау жоспарының қоршаған ортаға әсерін бағалау;

2026 жылы 22 маусымда сағат 10.00-де ШҚО, Самар ауданы, Самар а.о., Самар а., Горохов к-сі, 58 үй, (әкімдік) мекенжайы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізіледі;

Тапсырыс беруші – «ГРК «Бай-Су» ЖШС, (БИН 070640013658). Мекенжайы: ШҚО, Өскемен қаласы, Тоқтаров көшесі, 51 үй, тел. 8 (702) 7766333, E-mail: baysu21@mail.ru;

Әзірлеуші «GEO VOSTOK» ЖШС, (БИН 211040015757). Мекенжайы: ШҚО, Өскемен қ., Қазыбек би даң., 18-25. тел. 8(778)-778-09-17, E-mail: ofis.rabochiy@bk.ru;

Жобалық құжаттама <https://hearings.ndbecology.gov.kz/>, ақпараттық жүйеде «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде орналастырылған;

Қосымша ақпаратты тапсырыс берушінің – baysu21@mail.ru электронды мекенжайы немесе 8 (702) 7766 333 телефоны бойынша алуға болады;

Мүдделі жұртшылықтың ескертулері мен ұсыныстары қоғамдық тыңдаулар өтетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей мына мекенжайлар бойынша қабылданады: ndbecology.gov.kz, d.babakanova@akimvko.gov.kz. ТРБ почтасына.

Әсер ету аймағы:

Географиялық координаттар:

р/н№	Ш.б.	С.Е.
1	83° 19'00"	49° 08'00"
2	83° 20'00"	49° 08'00"
3	83° 20'00"	49° 07'00"
4	83° 21'00"	49° 07'00"
5	83° 21'00"	49° 08'00"
6	83° 22'00"	49° 08'00"
7	83° 22'00"	49° 07'00"
8	83° 23'00"	49° 07'00"
9	83° 23'00"	49° 05'00"
10	83° 24'00"	49° 05'00"
11	83° 24'00"	49° 04'00"
12	83° 23'00"	49° 04'00"
13	83° 23'00"	49° 03'00"
14	83° 22'00"	49° 03'00"
15	83° 22'00"	49° 04'00"
16	83° 21'00"	49° 04'00"
17	83° 21'00"	49° 06'00"
18	83° 19'00"	49° 06'00"

Тыңдауларға қатысу үшін сілтеме бойынша өту қажет: <https://us05web.zoom.us/j/2137154444?pwd=YOM2t6n3ZjS1a6Xi0LV1zB79GYnjr.1&omn=84571868563>

Конференция идентификаторы: 213 715 4444,

Құпия сөз: 12345678

Тіркеу талқылау басталғанға дейін 10 минут бұрын, жеке куәлікті көрсеткен кезде басталады.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Жеке кәсіпкер К.И. Тимошенко «ШҚО, Риддер қаласының әкімшілік бағынысты аумағында орналасқан орман шаруашылығының тас-қиыршық-құм қоспасының кен орнын өнеркәсіптік игеру» жобасы бойынша әсер етуге экологиялық рұқсат алуға өтінімге материалдар бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды. («Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі (РҚБ), рұқсат етілген шығарындылар нормативтері (ХДВ), өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы (ППЭК), қалдықтарды басқару бағдарламасы (ПББ), табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары (ППМ)).

Әсер ету аумағы: Шығыс Қазақстан облысы, Риддер Г.А., Риддер қаласы. Әсер ету аумағының географиялық координаттары: учаскенің географиялық координаттары: 50°18'56,5»83°23'45,7»; 50°19'02,0» 83°23'42,3»; 50°19'03,5 « 83°23'50,1»; **Қоғамдық тыңдаулар** 2026 жылғы 15 маусымда сағат 10.00-де, Шығыс Қазақстан облысы, ШҚО, Риддер қ., Безголосов к-сі, 9 (конференц-зал) мекенжайы бойынша өтеді.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: Тимошенко Константин Иванович, 071300, Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Риддер Г. А., Риддер қаласы, 91-квартал, № 35, 28, 750831302014, 87771481755, timoshenko3108@mail.ru.

Әзірлеуші: ЖК Домашев, ЖСН: 651116300731. Заңды мекенжайы: ҚР, ШҚО, Өскемен қ., Потанин к-сі 31/1 -74. Нақты мекенжайы: ҚР, ШҚО, Өскемен қ., Потанин к-сі, 31/1-74. Эл. мекенжайы: vvo@mail.ru тел.: 8 (705) 5205100. Лицензия 02542р 30.03.2023 ж

Жергілікті атқарушы орган: «Шығыс Қазақстан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Өскемен қаласы, Б. Керімбаев көшесі, 19, тел. 8 (7232)25-70-82, d.babakanova@akimvko.gov.kz, <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat?lang=ru>. Жоба бойынша құжаттама қоршаған ортаның жай күйі туралы Ұлттық деректер банкінде орналастырылған <https://ndbecology.gov.kz/> және ЖАО сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat?lang=kk>.

Мүдделі жұртшылықтың ескертулері мен ұсыныстары қоғамдық тыңдаулар өтетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей ДҚББҰ-да немесе «Шығыс Қазақстан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ-нің поштасына қабылданады, d.babakanova@akimvko.gov.kz. Қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады: timoshenko3108@mail.ru және телефон нөмірі: 8-705-520-51-00.

Тыңдауларға қатысу үшін сілтеме бойынша өту қажет: Zoom платформасындағы тыңдауларға қатысу үшін онлайн қосылуға сілтеме: <https://us05web.zoom.us/j/87377284662?pwd=EE9FPmRl4uS4wFHL15KQ1tWuXJAOBY.1>

Конференция идентификаторы: 873 7728 4662

Кіру коды: 0L5dbn

#ӨНЕГЕ

Білімді басшы, абыройлы азамат

Қай дәуірде де ел тағдырына бейжай қарамай, халықтың сенімін ақтап, туған жерінің өсіп-өркендеуіне үлес қосқан азаматтар қоғамның тірегіне айналады. Осындай ел игілігі жолында өлшеусіз үлес қосқандардың бірі де бірегейі – Ділдәбек Оразбаев. Оның еңбек жолы туған еліне, жеріне арналды. Ұзақ жылдар басшылық қызметте болған азамат бүгінде бейнеттің зейнетін көріп жүр.

Ділдәбек Тәжібайұлы оңтүстікте туғанымен, Шығыс деп шырылдады, еңбектенді, зейнетке де осы өңірден шықты. Алтай мен Тарбағатайдың арасы – батырлар мен би-шешендердің, парасатты тұлғалардың мекені. Бұл өңірде халықтың сеніміне ие болу оңай емес. Себебі, жердің қырын, елдің тілін таба білген, халықтың мұң-мұқтажын түсінген азамат қана ел басқару ісінде абыройлы бола алады. Осындай талаптың үдесінен шыққан Ділдәбек Тәжібайұлы Шығыс Қазақстан өңіріндегі бірнеше ауданның әкімі болып, ел дамуына үлес қосты.

Еңбек жолында ол әкімшілік қызмет атқарып қана қойған жоқ, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін беріп, көптеген игі бастамалардың жүзеге асуына ықпал етті. Әсіресе ауыл шаруашылығы, инфрақұрылым, білім мен мәдениет салаларының дамуына көңіл бөлді. Ол басшылық еткен жылдары көптеген аудандарда жаңа мектептер мен медициналық нысандар салынып, мәдениет үйлері жаңартылып, ауылдардың келбеті көркейе түсті.

Ділдәбек Тәжібайұлының қызметіндегі ерекше кезеңдердің бірі – Тарбағатай ауданына әкім болып тағайындалған тұс. Сол жылдары ауыл шаруашылығы аудан экономикасының негізгі тірегі екенін жақсы түсінген басшы агроөнеркәсіп саласын дамытуға назар аударды. Мал шаруашылығы өркендету, егіншілік мәдениетін дамыту, жем-шөп базасын нығайту сияқты бағыттарды жүйелі түрде қолға алды. Бұл бастамалардың нәтижесінде аудан экономикасы жанданып, ауылдықтардың тұрмысы біршама жақсарды.

Тарбағатайдың тақыр даласында егін егу мүмкін емес деген пікірлерді жоққа шығарып, жердің әлеуетін тиімді пайдаланудың нақты үлгісін көрсетті. Ауыл шаруашылығы саласына инвестиция тартылып, жаңа жобалар жүзеге аса бастады. Нәтижесінде егістік көлемі ұлғайып, мал азығы жеткілікті дайындалатын болды. Бұл ауыл шаруашылығы өнімдерінің артуына мүмкіндік берді. Осындай істер арқылы ел игілігін басты орынға қойған басшының еңбегі айқын көрінеді.

Ділдәбек Оразбаев тек экономикалық мәселелермен шектеліп қалған жоқ. Ауылдардың көркеюіне, халықтың өмір сүру сапасының жақсаруына көңіл бөлді. Ақсуат ауылында жолдар жөнделіп, көшелерге жарық шамдары орнатылып, демалыс орындары мен саябақтар ашылды. «Ана мен бала» саябағының ашылуы тұрғындар үшін қуанышты жаңалық болды. Сонымен қатар жастардың спортпен айналысуына мүмкіндік жасау мақсатында футбол алаңдары салынып, спорттық шаралар ұйымдастырылды.

Жергілікті халықтың есінде қалған игі істердің бірі – әйгілі Ырғызбай Досқанаұлының кесенесін жаңғырту. Бұл тарихи-рухани орынның жаңартылуы өңірдің туристік әлеуетін арттырып, киелі мекендердің қатарында танылуына ықпал етті. Бүгінде бұл жерге еліміздің әр түкпірінен және шетелден келетін туристердің саны артып отыр.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Өскемен қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі және оның ведомстволық бағыныстағы ұйымдары Өскемен қаласы әкімдігінің «Үлбі» халыққа әлеуметтік қызмет көрсететін қалалық аумақтық орталығы» КММ, Өскемен қаласы әкімдігінің «Қиын өмірлік жағдайдағы адамдарды әлеуметтендіру» КММ 2025 жылғы 1 тамыздан 2026 жылғы 30 сәуір аралығында өткізілген сыбайлас жемқорлықтың ішкі талдау нәтижелерін жаппай талқылаудың басталуы туралы хабарлайды.

– **Өскемен қаласының жұмыспен қамту және**



Сонымен бірге ол ұлттық руханият пен мәдениетті дамытуға да мән берді. Ақсуат өңірінде дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқан ақындар айтысы мен ұлттық спорт түрлерінің дамуына қолдау көрсетіп, қазақ күресі турнирінің халықаралық деңгейге шығуына ықпал етті.

Ділдәбек Тәжібайұлының тағы бір маңызды бастамасы – жастарды қолдау. Жас мамандарды ауылға тарту мақсатында жоғары оқу орындарында білім алып жүрген студенттермен кездесіп, оларға арнайы стипендиялар тағайындады. Мұндай қолдау ауылдағы кадр тапшылығын азайтып, білімді жастардың туған өңіріне оралуына ықпал етті.

Оның өмір жолы Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетімен де тығыз байланысты. Облыстық Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясын басқарған кезде университет студенттеріне дәріс оқып, маман даярлауға үлес қосты. Сонымен қатар оқу орнының түлектеріне диплом табыстау рәсімдеріне қатысып, жастарға ақ жол тілеп отырды.

Осындай қызметтері арқылы ол тек басқарушы ғана емес, жастарға бағыт-бағдар беретін тәлімгер тұлға ретінде де танылды. Студенттер мен жас мамандар үшін оның еңбекқорлығы мен жауапкершілігі үлгі болды.

Айта кетейік, Ділдәбек Тәжібайұлы 1961 жылы 8 мамырда Оңтүстік Қазақстан облысы Төле би ауданының Қасқасу ауылында дүниеге келген. 1988 жылы Қазақ ауыл шаруашылығы институтын агроном мамандығы бойынша тәмамдап, кейін Алматы экономикалық университетінде қаржыгер мамандығы бойынша білім алды. Экономика ғылымының кандидаты.

Қазақ халқы елдік пен ерлікті, адал қызмет пен жауапкершілікті әрдайым жоғары бағалаған. Осы орайда Бауыржан Момышұлы айтқан: «Ел дегенде еміреніп, жұрт дегенде жүгініп қызмет ет» деген нақыл сөздің мәні ерекше. Осындай ұстанымды өмірлік мұрат еткен азаматтардың еңбегі ел игілігімен өлшеніп, олардың есімі халық жадында мәңгі сақталды.

Сондықтан Ділдәбек Тәжібайұлына мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр тілей отырып, оның ел игілігі жолындағы адал еңбегі мен өнегелі өмір жолы кейінгі буынға үлгі болып қала беретініне сенім білдіреміз.

Мұхтар Төлеген,

С. Аманжолов атындағы ШҚУ ректоры

әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі: тел: 208557, электрондық пошта ozisp_uka@mail.ru

– «Үлбі» халыққа әлеуметтік қызмет көрсететін қалалық аумақтық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, тел: 777354, эл. пошта sentr_ulba@mail.ru

– «Өмірлік қиын жағдайда қалған адамдарды қайта әлеуметтендіруге арналған орталық» КММ, тел: 8 (72331) 3-10-10, электрондық пошта resoc@gucsa.kz

К. Баубекова,

«Өскемен қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ басшысы

МҰРАГЕРЛЕР ІЗДЕЛУДЕ

■ **Жұмақан Бияқын** (туған жылы 12.04.1939) 08.01.2026 жылы қайтыс болғаннан кейін мұра ашылды. Мұрагерлер мен мүдделі тұлғалар хабарландыру жарияланған күннен бастап 08.07.2026 жылға дейін нотариус Ж.Б.Нурмухамбетоваға ШҚО, Ұлан ауданы, Қ.Қайсеңнов кенті, З.Ахметов көшесі, 3 ғимарат мекенжайы бойынша жүгінуі тиіс.

**ЖАРНАМА БӨЛІМІНІҢ
ТЕЛЕФОНЫ: 8 (7232) 75-28-228**



«ALTAI-NEWS» МЕДИА-ОРТАЛЫҒЫ

«DIDAR» ГАЗЕТИНІҢ

**PDF-НҰСҚАСЫНА ЖАЗЫЛУ
БАСТАЛҒАНЫН ХАБАРЛАЙДЫ!**

Электронды нұсқаны өз e-mail поштаңызға алу үшін бірнеше қарапайым қадам жасау қажет:

1) QR-кодты сканерлеңіз немесе интернет-браузер арқылы www.didargazeti.kz сайтына өтіңіз.

2) didargazeti.kz сайтындағы «Газетке жазылу» бөліміне кіріп, ұсынылған үш нұсқаның бірін таңдаңыз:

12 АЙҒА,

6 АЙҒА,

3 АЙҒА



DIDAR

Магазин



DIDAR газеті 12 айға жазылу
6000,00 ₸
В корзину



DIDAR газеті 6 айға жазылу
3000,00 ₸
В корзину



DIDAR газеті 3 айға жазылу
1850,00 ₸
В корзину

3) «СЕБЕТКЕ ҚОСУ» батырмасын басыңыз.

4) Тауар себетке қосылғаннан кейін «ТАПСЫРЫСТЫ РӘСІМДЕУГЕ ӨТУ» батырмасын басыңыз.

5) Бос жолдарға өз деректеріңізді енгізіп, «ТӨЛЕМГЕ ӨТУ» батырмасын басыңыз. Жазылым ақысы сіз көрсеткен банк картасының нөмірінен автоматты түрде алынады.

Жазылым рәсімделгеннен кейін көрсетілген электронды поштаға газеттің жақын арадағы саны ғана емес, сонымен қатар ағымдағы айдағы барлық алдыңғы сандары да жіберіледі.

Егер сіз тек соңғы нөмірін сатып алғыңыз келсе, didargazeti.kz сайтының басты бетінде

«PDF ЭЛЕКТРОНДЫ ГАЗЕТ» батырмасын басып, ұсынылған нұсқалардың бірін таңдаңыз.

Егер сіз электрондық нұсқамен бірге газеттің қағаз нұсқасын да алғыңыз келсе, тапсырыс рәсімдеу кезінде пошта мекенжайыңызды, тегіңізді көрсетіп, «ТАПСЫРЫСЫҢЫЗҒА ЕСКЕРТ-ПЕ ҚОСЫҢЫЗ» батырмасын басыңыз. Ашылған терезеге «Қағаз нұсқаны менің пошта мекенжайыма жеткізу» деп жазыңыз.



Индекс	«Қазпошта» АҚ арқылы				Редакция арқылы				
	1 ай, теңге	3 ай, теңге	6 ай, теңге	12 ай, теңге	Индекс	1 ай, теңге	3 ай, теңге	6 ай, теңге	12 ай, теңге
19071 (жеке)	872	2616	5232	10464	19071 (жеке)	686	2058	4116	8232
19073 (жеңілдік)	832	2496	4992	9984	19073 (жеңілдік)	616	1848	3696	7392
19072 (мекеме)			8003	16006	19072 (мекеме)			5520	11040

Жұлдыз-жорамал (18 - 24 мамыр)

ТОҚТЫ Бұл апта сіз үшін жаңа бас-тамалар мен батыл қадамдарға толы болады. Аптаның басында жұмыс немесе оқу саласында күтпеген тапсырмалар пайда болуы мүмкін. Алғашында қиын көрінгенімен, олар сіздің қабілетіңізді көрсетуге мүмкіндік береді.

ТОРПАҚ Алдағы күндер тұрақтылық пен сенімділік әкеледі. Бұрын басталған істердің нәтижесі көріне бастайды. Жұмыста табандылығыңыз бағаланып, басшылық тарапынан қолдау күтіледі. Қаржы жағынан жағымды жаңалық болуы мүмкін.

ЕГІЗДЕР Бұл апта қарым-қатынас пен жаңа ақпаратқа толы. Көп кездесулер, келіссөздер және жаңа таныстықтар болуы мүмкін. Жұмыста шығармашылық идеялар туындайды. Қаржы мәселесінде сақтық танытып, маңызды шешімдерді асықпай қабылдаңыз.

ШАЯН Апта отбасы мен үйге қатысты жоспарларға толы болуы мүмкін. Үйді жөндеу, көшу немесе тұрмыстық мәселелерді шешуге қолайлы уақыт. Жұмыста сабыр мен төзім қажет. Қаржы жағынан тұрақтылық сақталады. Жақындарыңызбен қарым-қатынас нығаяды.

АРЫСТАН Мансап пен жетістік аптасы. Жаңа мүмкіндіктер пайда болып, жауапкершілік артады. Бұл сіздің кәсіби өсуіңізге жол ашады. Қаржы жағынан өсім байқалады. Жеке өмірде маңызды шешім қабылдау қажет болуы мүмкін.

БИКЕШ Бұл апта білім мен даму кезеңі. Жаңа курстар, оқыту немесе тәжірибе алу мүмкіндігі туындайды. Жұмыста ұқыптылығыңыз бен жауапкершілігіңіз бағаланады. Денсаулыққа көңіл бөліп, демалысқа уақыт табыңыз. Жеке өмірде жағымды өзгерістер болуы мүмкін.

ТАРАЗЫ Қаржы мен құжаттарға байланысты маңызды шешімдер аптасы. Бұрын кейінге қалдырылған мәселелерді шешуге тура келеді. Келісім-шарттар мен ресми істер сәтті аяқталуы мүмкін. Қарым-қатынаста үйлесім артады.

САРЫШАЯН Бұл апта қарым-қатынастарды нығайтуға арналған. Бұрынғы түсініспеушіліктер шешіледі. Жұмыста жаңа жобалар басталуы мүмкін. Қаржы жағынан тұрақтылық сақталады. Апта соңында өзіңізді сенімді әрі жігерлі сезінесіз.

МЕРГЕН Күнделікті өмір мен денсаулыққа көңіл бөлу қажет. Жұмыста өнімділік артып, тапсырмалар жылдам орындалады. Спорт немесе дұрыс тамақтануды бастауға қолайлы кезең. Қаржы жағынан тұрақтылық сақталады.

ТАУЕШКІ Бұл апта сіз үшін шығармашылық, махаббат және өзін-өзі көрсету кезеңі болады. Соңғы уақытта жинақталған шаршау мен жауапкершілік біртіндеп азайып, өмірдің жеңіл әрі жағымды жағын сезіне бастайсыз. Қаржы жағынан тұрақтылық сақталады.

СУҚҰЙҒЫШ Отбасы және ішкі тыныштық тақырыптарын алдыңғы орынға шығарады. Соңғы кезде кейінге қалдырылған тұрмыстық мәселелерді шешуге қолайлы уақыт. Сізге эмоциялық демалыс қажет болуы мүмкін, сондықтан өзіңізге уақыт бөлуден қашпаңыз.

БАЛЫҚ Бұл апта ақпарат, қозғалыс және жаңа мүмкіндіктерге толы болады. Көп кездесулер, сөйлесулер, хат алмасулар немесе қысқа сапарлар болуы мүмкін. Жұмыста жаңа ұсыныстар түсіп, қызықты жобаларға қатысу мүмкіндігі туады.

БАҚ-тың меншік иесі:
«ALTAI-NEWS» медиа-орталығы» ЖШС
«DIDAR» газеті Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеліп, 2025 жылғы 26 наурыздағы №KZ11VPY00115455 куәлігі берілген.
«DIDAR» газеті – ҚР Президенті грантының және Қазақстан журналистика академиясы «Алтын жұлдыз» сыйлығының иегері.
Мекенжай: 070003, Өскемен қаласы, Гоголь көшесі, 36.

«ALTAI-NEWS» медиа-орталығы» ЖШС
Бас директоры
А.К. ДҮЙСЕНОВ
Контент-редактор
А.БАҚЫТҚЫЗЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 8(7232)75-17-97
Жарнама бөлімі:
8-777-239-76-82,
8(7232) 75-28-22,
e-mail: marketing@altaynews.kz
«DIDAR» газетінің сайты:
www.didargazeti.kz
+7 777 239 7682

Жарияланған материалдардағы пікір редакциянікімен сәйкес келмеуі мүмкін.
Редакция тапсырысымен жазылмаған материалдар үшін қаламақы төленбейді.
® белгісі қойылған материалдар коммерциялық негізде жарияланады.
Материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға тыйым салынады.

Газет
«Дом печати» ЖШС-нің
баспаханасында басылды.
Павлодар облысы,
Павлодар қаласы,
Астана көшесі, 143.

Көлемі 4
баспа табақ.
Газет аптасына
бір рет шығады.
Таралымы 3700
Тапсырыс №20

